

31.01.2022 ж. № 000053

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША КӨРКЕМ ЕҢБЕК ПӘНІНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

КУРАЛОВА НҰРЖАМАЛ ЖОЛДАСОВНА

*Түркістан облысы Жетісай ауданы Өркенді е/м
№39 «Асықата» жолпы орта мектебі коммуналдық
мемлекеттік мекемесінің көркем еңбек пәні мұғалімі*

Қазіргі кезеңде оқушының өз бетімен білімге ие болу барысында оның белсенді іс- әрекетін ұйымдастыру оқу үдерісіне қойылатын негізгі талаптардың бірі болып табылады. Бұл тәсілдеме пәндік білімді, әлеуметтік және коммуникативтік дағдыларды ғана емес, сонымен бірге өзінің жеке мүдделері мен болашағын сезінуге, сындарлы шешімдер қабылдауына мүмкіндік беретін тұлғалық қасиеттерді де меңгеруге ықпал етеді. Мұғаліммен бірлесіп шығармашылықпен айналысу және серіктес, кеңесші ретінде мұғалімнің қолдауы кезінде оқушының белсенді танымдық қабілеті тұрақты сипатқа ие болады.

Көркем еңбек пәні арқылы әлемді эстетикалық және рухани түрде меңгеруге және тұлғаның өз ойын білдірудің бір тәсілі болып табылады. «Көркем еңбек» пәні оқушылардың шығармашылық қабілеттерін, кеңістік-образдық ойлауын, рухани-адамгершілік құндылықтарын, қоршаған ортаны эстетикалық, эмоционалдық түрде қабылдауларын қалыптастыруға бағытталған. Түрлі өнер салалары бойынша көркем білімдер мен дағдыларды қалыптастыру, әлемнің біртұтас бейнесін қалыптастыруға, оқушылардың көркемдік қабілеттерін, кеңістікті және көру арқылы қабылдауларын, елесті, есте сақтау, зейін мен қиялды дамытуға негіз болып табылады. Көркем және басқа түрлі материалдар, құралдары мен тәсілдерін қолдану оқушылардың сенсорикасын, қолдың моторикасын және көзбен нақты мөлшерлеуін дамытады.

Көркем еңбек – бұл көзбен көретін нысандарға қатысты, яғни «визуалды қарым-қатынас тілі» түсінігін дамытатын бастапқы көру әдісі. Оқушыларға мұның не екені, әртүрлі көркемдік үдерістер арқылы көру элементтерін дамыта отырып, оны қалай қолдануға болатыны туралы мәліметтер берілуі тиіс. Саутвиктің (2009) пікірі бойынша, «біз қазір түйсініп қабылдау туралы сөз етіп отырған жоқпыз: біз көру арқылы көркемдік тұрғыдан қабылдауды үйретуге тырысудамыз» (28-б.).

Әр пәннің оқу бағдарламаларында үш тілде білім беруді жүзеге асыру қарастырылған, онда үш тілді меңгертіп қана қоймай, сол сияқты оқушылардың сыныптан тыс жұмыстарын да үш (қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде) тілде ұйымдастыру қарастырылған. Көп тілді оқу ортасын құрудағы әр пән қосқан үлесі үш тілде білім беру саясатын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Тіл үйретудің негізі болып табылатын коммуникативтік тәсілдеме әрбір оқу пәнінің түрлі оқу жағдаяттарында білім және білікпен алмасу, тілдік және сөйлеу нормалары жүйесін дұрыс қолдану сияқты әдіс-тәсілдері арқылы оқушылардың сөйлеу әрекеттерін дамытудың жетекші қағидаты ретінде қарастырылады.

Пән мазмұнын меңгеру және оқу мақсаттарына қол жеткізу үдерісінде оқушылардың ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, атап айтсақ: қажетті ақпаратты іздеу, өңдеу, алу, құру және көрсету, ақпараттар және идеялармен алмасу үшін бірлесіп әрекет ету, жабдықтар мен қосымшаларды кең ауқымда қолдану арқылы өз жұмысын бағалау және жетілдіру сияқты қолдану дағдыларын дамыту үшін алғышарттар/жағдайлар жасау керек.

Көркем еңбек пәніне оқушылардың уәжін арттыру үшін не істеу қажет? Жаңартылған бағдарлама негізінде оқушылардың жалпы білімге деген ынтасын арттыру тек негізгі пәндер арқылы ғана емес, сонымен бірге музыка және бейнелеу өнері сияқты пәндер негізінде де жүзеге асырылуы керек екенін көріп отырмыз.

Мектеп оқушыларының көркем еңбек арқылы танымдық іс-әрекеттерін арттырудың маңызы жоғары болып табылады. Олардың кеңістіктегі заттарды көре алуы мен ойлауын дамыту бүкіл дүниетанымын қалыптастыруға ықпал жасай алуы керек. Оқушыларға білім мен тәрбие беруде бейнелеу өнерінің оқуға қызығушылықтарын арттырудағы рөлі ерекше екенін байқауға болады. Олардың оқуға деген қызығушылықтары артып қана қоймай, алған білімдерін іс-әрекетте, рухани өмірде, қоғамдық қатынастарда қолдана алады деп ойлаймын. Сол себепті де осы көркем еңбек сабағында іске асқан іс-әрекеттердің бәрі дерлік тұлғаның барлық қажетті сапаларын қалыптастыруға көмектеседі.

«Көркем еңбек» пәнінің маңызы

«Меніңше, білім беру аясындағы бейнелеу өнерінің басты құндылығы оның адамның тәжірибесін байытып, өмірге деген көзқарасын қалыптастыруға қосатын үлесінде. «Көркем еңбек» пәні адам санасының білімнің басқа салалары қамтымайтын қырларына қатысты: визуалды нысанды эстетикалық қабылдау».

«Көркем еңбек» пәні бағдарламасы:

- өнер түрлерін кіріктіру арқылы пәндік білімдерін, дағдылары мен түсінігін дамытуға;
- ұлттық және әлемдік көркем мәдениеттегі өнерінің шығармаларымен таныстыру арқылы адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруға;
- көркем-шығармашылық пен кеңістік ойлау, адамгершілік-эстетикалық сезімдерін визуалды және тактильді өнер тілдері арқылы қоршаған әлемге өз көзқарасын білдіру қажеттігін қалыптастыруға;
- еңбекті жоспарлау және ұйымдастыру дағдыларының дамуы мен алғашқы технологиялық білімдердің қалыптасуына;
- сенсориканың, қолдың моторикасының, байқағыштықтың, елестетудің, қиял

мен шығармашылықтың дамуына;

- оқушылардың визуалдық және эстетикалық қабылдаудың дамуы, көркем жұмыстарды сын тұрғысынан түсінуі үшін өнер жанрлары, стильдері туралы білімдерін қолдану;
- танымдық, коммуникативтік, ұйымдастырушылық және адамгершілік сипаттағы түрлі міндеттерді дербес шешу тәжірибесінің қалыптастыруға;
- өзінің көркем жұмысын орындау үшін, ақпараттың әртүрімен жұмыс жасай алу (табу, іріктеу, жинақтау) біліктілігін дамытуға;
- бірлескен шығармашылық жұмысты орындау барысында ұжыммен және топпен жұмыс істеу дағдыларын меңгеруге *бағытталған*;

Бағдарлама бойынша оқу арқылы оқушылар келесілерге қол жеткізеді:

- ұлттық және әлемдік мәдениетінің көркем өнер шығармаларын, ондағы берілген идеялар мен құндылықтарды зерттеу және талдау;
- өз жұмысын ұйымдастыра білу: мақсатын анықтау, жұмыс кезеңдерін айқындау, қажетті құралдарды табу, өз жұмысының нәтижесін бақылау және бағалай алу;
- көлемді және жазықтықтағы көркем жұмыстарды шығармашылық тұрғысынан жасау үшін алынған білім мен дағдыларды қолданады;
- зерттеу, эксперимент жүргізу барысында әртүрлі ресурс түрлерін, оның ішінде АКТ құралдарын қолдана білу;
- шығармашылық өнімді жасау үшін материалдар мен құралдарды дербес және сенімді қолдану, материал қасиеті мен жұмыс нәтижесінің ерекшелігі арасындағы байланысты түсіну;
- алған тәжірибесінің негізінде өнердегі түрлі техникалар мен тәсілдерді дербес қолдану;
- өз идеясы мен жұмысына қатысты түсініктеме беру және конструктивті ұсыныс қабылдау;
- әртүрлі жағдаяттарда тиімді және бірегей шешім таба білу;
- әртүрлі материалдарды және құралдарды қолдануда қауіпсіздік ережелерін сақтаудың маңызын түйсіну және түсіну.

Шығармашылық процесс шексіз. Идеяларды зерттеу және дамыту, құру және орындау, қайта қарастыру, талдау және бағалау шығармашылық процестің кез келген кезеңінде жүзеге асады. Оқушылар практикалық жұмыс арқылы идеяларды зерттей алады. Идеялар оларды жасау мен орындау кезеңінде дамиды. Тұтас бөлімде, жеке сабақтар кезінде де тұрақты іске асып отыратын, жалғасатын процесс, әсіресе, шолу, талдау және бағалау болып табылады. Жекелеген оқушылардың ойлары мен пікірлерін талқылау барысында жазылып алуы мүмкін. Мұғалім, қажет жағдайда, барлық орындалған жұмыстарға, сондай-ақ ресми/бейресми көрме түрінде барлық жұмыстарға шолу жасау және таныстыру үшін оқушыларға қосымша уақыт бөледі.

Оқушылардың нәтижелерін жақсарту үшін жаңа идеялармен тәжірибелер жүргізу, оларды дамыту, түрлі әдістерді қолдану үшін мұғалім тарапынан икемділік қажет. Өздерінің өткен бөлімдер бойынша жасаған жұмыстарын жылдың басынан тоқсанның соңына дейін шолу жасау мүмкіндігі бар оқушылар игерген процестерді, әдістер мен материалдарды өз жұмыстарын жетілдіру үшін пайдалана алады. «Көркем еңбек» пәні бойынша білім беру бағдарламасының идеяларын басшылыққа ала отырып, оқушылар өнердің кең ауқымын бағалауда өз дағдыларын жетілдіріп, адамдардың құндылықтарын, қарым-қатынастары мен арман-қиялдарын бейнелеу өнері арқылы бейнелеуге болатыны туралы түсініктерін кеңейтеді. Олар өздерінің көркемдік дағдыларын дамытып, шығармашылық шешімдерге жетелейтін өнер туындыларын жасауға қажетті мүмкіндіктерін арттырып, өздерінің көркем туындыларын дүниеге әкелуді жоспарлай білу қабілетін жетілдіретін болады. «Көркем еңбек» пәні үшін кез келген ықпал ету оқушылардың уәжін қолдауға, олардың білімі мен дағдыларының дамуына, өзін-өзі бағалау қабілетіне, оқу үдерісі мен нәтижесін дамыту үдерісіне сындарлы әрі сергек түрде ықпал ету маңызды болмақ (Key & Stilman, 2009).

Осындай жас ұрпаққа жан-жақты білім беруді жүзеге асыруда жаңартылған бағдарлама негізінде пәндік білімімізді арттыру өте қажетті және көп жаңалық әкеледі деп ойлаймын. Бұл курстан оқушыларға білім беруде қарапайымдылық пен пәнаралық байланыстың тығыз болуы керектігі, берілген білім оқушының білімге деген уәжін арттыру мақсатында белсенді оқу болу керектігі туралы білімді толықтырады. Соның ішінде көркем еңбектің жас ұрпақтың қалыптасуына, тәрбиесі мен білімін жетілдіруде әсері мол. Көркем еңбек пәнінде Кембридж бағдарламасы бойынша барлық жеті модульді қолдану ерекшелігі бар. Оның ішінде белсенді оқыту мен формативті бағалау оқушылардың сабаққа деген уәжін арттырудың негізі екенін байқауға болады. Сабақ барысында қарапайымнан күрделіге қарай ауысу мен тақырыптардың жеңілден басталып, кең көлемде берілетіні туралы көп айтылды.

Қорыта айтқанда, аталмыш бағдарламаның мәні баланың функционалды сауаттылығын қалыптастыру. Оқушы өзінің мектеп қабырғасында алған білімін өмірінде қажетке асырып, пайдаға асыра білуі керек. Сол үшін де бұл бағдарламаның негізі — «Өмірмен байланыс» ұғымына құрылған.

31.01.2022 ж. № 000054

Зорлық - зомбылықсыз балалық шақ

БУРБЕКОВА ГУЛЬВИРА БАРХЫБАЕВНА

Шымкент қаласы № 46 мектеп-лицейі.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Тәуелсіздік төрімізден орын алған қоғамымыздағы ең басты құндылық - адам бостандығы. Адамның және адамзаттың құқықтары мен бас бостандықтарын қамтамасыз ету және қорғау - Конституциялық заңдылықтың басты талабы. Қазақстанда салауатты өмір салтына қол жеткізуде, денсаулықты сақтау мен нығайтудағы басты міндеттің бірі - бала құқығын қорғау, зорлық-зомбылыққа қарсы күрес жүргізу. Егер жалпы айтқанда зомбылықты физикалық қасірет көрсету әрекеті деп анықтау болса, онда тұрмыстық зомбылықта осы әрекеттің бастауы мен айқындау нүктесі анық белгіленеді. Ол - жанұя, яғни, зұлымдықшы мен оның жемтігі ең жақын адамдар болады. Олар - жұбайлар мен балалар. «Ата көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» демекші балаға отбасы тәрбиесінің әсері мол. Тәрбиеге әсер беретін өскен орта, ата-ананың тәрбиесі дұрыс болмаса, жаман әсерлер адамды азғырып, түрлі жаман мінезді жұқтырады. Отбасындағы ата-ананың мінез-құлқы - баланың көз алдындағы үлгі, өнеге алатын, оған қарап өсетін нысаны. Нашарлық, темекіге, ішімдікке үйірлік бұзықтық жолға түсіп, зорлық-зомбылық жасауға мүмкіндік туғызады, еңбек етуге, қоғамға, денсаулыққа, ұрпаққа, отбасына зиянын тигізеді.

Салауатты өмір сүрудің бір негізгі күрделі мәселесі - жаман қылықтардан, яғни, зорлық- зомбылықтан аулақ болу. Ішімдікке үйір адам есінен айырылып, қасындағы адамдарға зиянын тигізеді, отбасына ойран салады, отбасы мүшелеріне оғаш қылықтар көрсетіп, мазасын алады. Бұл баланың психологиясына кері әсерін тигізеді. Бала өзіне керекті рухани дүниенің барлығын қоршаған ортадан алады. Зорлық- зомбылық тәрбиесіздіктен де туындайды. Бұл мәселе жөнінде біздің ұлы бабамыз Әбу Насыр әл Фараби: "Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілу керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы" - деген болатын.

Отбасындағы тұрмыстық қатынастар саласындағы құқық бұзушылықтың алдын алуға бағытталған заңды нормалар жетілдірілді. Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобаларының жұмыстарын іске асыру жоспарының 29 пунктін сәйкес 2004 жылдың 13 желтоқсанында Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің тағайындауымен «Тұрмыстық зомбылыққа қарсы әрекет ету туралы» заң жобасы әзірленді. Заң жобасының негізгі мақсаттары: адамның қызығушылығын, бостандығын, заңды құқықтарын қорғауға, кепілдеме беруді көтермелеу. Отбасылық тұрмыстық қатынастар саласындағы құқық бұзушылықты төмендету жөнінде тиімді шаралар қабылдау. Тұрмыстық зомбылықтың алдын алудың көп деңгейлі жүйесін жүргізу. Аталған заңды қабылдау отбасылық, тұрмыстық қатынастардағы азаматтардың қызығушылықтарын және бостандықтарын, құқықтарын қорғаудағы тиімділікті арттыру, осы саладағы құқық бұзушылықтың деңгейін төмендету.

Әйелдер мен балаларға қатысты зомбылықтың алдын алуға бағытталған профилактикалық сипаттағы шараларды жүргізуде ақпараттық үгіттеушілік жұмыстарды өткізу керек іс болып табылады. Зорлық-зомбылықтың баланың мінез-құлқына әсер ету ерекшеліктері бар. Ата-анасы және басқа да заңды өкілдері ата-аналық құқықтарын жүзеге асырған кезде баланың дене және психикалық денсаулығына, оның имандылық дамуына зиян келтіруге құқылы емес. Баланы тәрбиелеу тәсілдерінде баланың адамдық қадір-қасиетіне менсінбей дөрекі қарау, оны қорлау немесе қанау болмауға тиіс.

Бүгінгі күні отбасына қатысты мемлекеттік саясаттың бейнесі болатын және оның қызмет аясы мен қорғауының құқықтық кепілдіктерін ұлғайтатын осындай қалыптағы заңдарды қабылдау қажеттілігі туды. Зорлық-зомбылықпен табысты күресу үшін бірінші кезекте осы мәселеге қоғамның көзқарасын өзгерту керек.

Балаларға қамқорлық жасау, баланың абыройы мен құқықтарын құрметтеу - бұл тек мемлекеттің ғана емес, сонымен қатар жекелеген әрбір адамның міндеті.

Немістің ұлы ақыны В.Гете серуенге шығарда қалтасына түрлі гүлдердің тұқымын салып шығып, шалғындардан, орманнан өткенде, тауға шыққанда гүл тұқымдарын сеуіп жүруді жаны сүйген. Оның жүрген жерлеріне мезгілі келгенде керемет гүлдер өсіп шығатын. Гете сепкен гүл ме, әлде табиғи жолмен өздері көктеді ме, оны білу міндетті емес. Дегенмен бүгінде сұлулық әлемі, әсемдік әлемі байыды. Сол сияқты дүниеде зорлық-зомбылық болмаса адам өмірі, адамзат дүниесі сұлу да әсем болар еді.

Бала тәрбиесінде тәрбиелілікке жетудің жолы - еңбекке, әдептілікке, инабаттылыққа, адамшылыққа, қайырымдылыққа үйрету. Осылардың барлығын балалардың бойына сіңіріп, күнделікті өмірде әдетке айналдыру тәрбиенің басты мақсаты болмақ. Сонымен бірге бала тәрбиесіндегі тәрбиелілікке үйретудегі пәрменді тәсіл - адамдардың өзара тәлімі мен үлгісі екенін айтқанымыз жөн. Халық даналығы – «Адамнан - адам тәлім алады, ағаштан – ағаш мәуе алады» деген сөз бекер айтылмаған.

Үзіліссіз ұрпақ тәрбиесіндегі қос босаға - тәртіп пен мәдениет күллі адам атаулының күнделікті әдеттеріне айналған кезде, біздер мейірімі мол қайырымды қоғамды құрып қана қоймай, зорлық - зомбылықсыз балалық шақтың шаңырағын биіктете түскен болар едік. Қазіргі таңда тәуелсіздік алған мемлекетімізде зорлық - зомбылыққа жол жоқ. Оның етек алуы отбасынан басталады. Отбасындағы салауаттылық – өркениетті қоғамның талабы, өйткені ұрпақтан - ұрпаққа жалғасып келе жатқан дәстүрлер мен мұраттар көбінесе отбасында дамып, қалыптасады.

Адамды өзара түсіністікке жеткізетін шынайы да, тұрақты сүйіспеншілік дәстүрлері де тек салауатты отбасында ғана қалыптасады. Ел президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өзінің Қазақстан халқына жолдауында, алдағы елу жыл ішінде мемлекетіміздің қандай бағытта, қалай дамуы керек екендігін белгілеп берді. Әрине, осы міндетті болашақта жастардың жүзеге асыратындығы күмәнсіз. Олай болса, сол жастардың білім деңгейі, ата - анадан алған тәлім - тәрбиесі қандай дәрежеде деген сұрақ туындайды. Бұл сұраққа толық, жан - жақты жауап беру әзірге қиындау, оған дәлел – бүгінгі қоғамымызда қылмыстың күннен - күнге көбеюі.

Біздің ойымызша, оның себебі жастарымызға уақытында ұлттық тәрбиені бере алмағанымыздан туындағаны жасырын емес. Әрине, қазіргі таңдағы әлеуметтік - тұрмыстық жағдайдың нашарлауы да бұған әсер етуде. Сонымен қатар тәрбие саласына аса мән беру бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып табылады.

Балалар – еліміздің болашағы. Оларды тәрбиелеу, оқыту, білім беру, болашаққа қадам бастыртып осы өмірде өз орнын таптыру әр ата - ананың міндеті. Ананың бесік жырынан басталатын қарым - қатынасы, іс - әрекет, әдет - ғұрып, салт - дәстүр осылардың бәрі адамның дүниетанымын, сана - сезімін, мінез - құлқын қалыптастыратын тәлімдік мұра. «Жақсыдан жаман туады, бір аяқ асқа алғысыз». Қорытынды: Отбасында адам бойындағы асыл қасиеттер жарқырай көрініп, қалыптасады. Отанға деген ыстық сезім – жақындарына, туған-туысқандарына деген сүйіспеншіліктен басталады.

(Н.Ә.Назарбаев) - деп елбасымыздың сөзімен қорытындылау.

Зорлық-зомбылық - жеке тұлғаға қол сұқпаушылық, (тәндік және рухани мағынада) туралы азаматтардың құқын бұзатын бір адамның екінші адамға тәндік немесе психикалық ықпал етуі. Түрлі тәсілдермен ұрып-соғу, дене жарақатын салу, азаптау (азапқа салу және денсаулыққа зиян келтіру); адам психикасына (жүйкесінің тозуы немесе тіпті жынданып кетуін тудыруы мүмкін) қорқыту, тәнге жарақат салу катері жолымен ықпал ету және т.б. Зорлықзомбылықты қолдану арқылы жасалған қылмыс, қылмыстық жауапкершілікті ауырлататын мән-жай болып табылады.

31.01.2022 ж. № 000055

Ақ қала

ЖЕТЕМЕКОВА НУРЖАНАТ КАЙРКЕНОВНА

*Шығыс Қазақстан облысы, Семей қаласы Бөкенші жалпы орта
білім беретін мектебі, Мектепалды даярлық сыныбының тәрбиешісі*

Білім саласы :Таным

Білім бөлімі: Құрастыру

Тақырыбы: Ақ қала


Мақсаты: Білімділігі:Аққаланы құрастыруға , оны жабыстыруға үйрену.

Дамытушылығы: Балалардың қыз мезгілі туралы оның ерекшеліктерін бекіте отырып, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту, арттыру.

Тәрбиелігі: Әдептілікке, тазалыққа, ұқыптылыққ, шапшаңдылыққа тәрбиелеу.

Жаңа сөздер: қауырсын, Айдары.

Іс- әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс – әрекеті	Балалардың іс – әрекеті.
Ынталандыру Шаттық шеңбері Сөйлеу ережесі. Ұйымдастырылған ашық оқу – қызметі. 	Аспанда көк аспан, Күн де тұр жарқыраған. Қайырлытаң жер Ана Қайырлы таң балапан. Біз ақылды баламыз, Айтқан тілді аламыз. Дыбыстарды анықтап, Дұрыс сөйлей аламыз. Құрастыру. Аққала - Қазір жылдың қай мезгілі? - Қыс мезгілінде неше ай бар? - Қыс мезгілінде қандай ерекшеліктер бар? - Қыста не жауады? - Қар мен не жасаймыз? - Қардың түсі қандай? - Аққаланың пішіні қандай,	Қимылмен қайталайды. Балалар қимылмен айтады. Қыс Үш ай Суық, қар, жел Қар Аққала Ақ, домалақ, шеңбер Сұраққа жауап бере отырып, аққала құрастыру.

	 - Қа – қа – қа әппақ аққала - - ар – ар-ар үлпілдек қар - Қардың дыбысы қандай - Ғырт – ғырт - ғырт	
Сергіту сәті Ойын Ойынның мақсаты	Музыка ырғағымен билеу. «Жоғалған затты тап». Қар, шырша, қолғап, шана, шырша, тон. Бір мұғалім стол үстіндегі суреттерді жасырып қояды. Сол заттарды балалар табу керек. Балалардың есте сақтау қабілетін арттыру, сөздік қорын дамыту, сұраққа толық, анық жауап бере отырып, асықпай сөйлеуін қадағалау.	Балалар қайталайды Балалар біртіндеп шығып орындайды
Қорыту  Бағалау	- Балалар сендерге бүгінгі сабағымыз ұнады ма? - Не құрастырдық? - Аққаланы түсі қандай?? - Пішіні ше? - Сендерге ұнады ма? - Мұрнын немен жасадық? - Сәбіз қатты ма? - Жарайсыңдар балалар. Бүгін сендер сабаққа жақсы қатыстыңдар	Ия Аққала Ақ Шеңбер, домалақ Ия, сәбіз қатты

31.01.2022 ж. № 000056

Сенсорика сабағында ойын әдістерінің тиімділігі

КАРАМУРЗИНА РОЗА КАБИДЕШОВНА

*Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласы Бөкенші жалпы орта
білім беретін мектебінің шағын орталық тобының тәрбиешісі*

Баланың сенсорлық дамуы – бұл заттардың сыртқы қасиеттері туралы ойларының қалыптасуы және оны қабылдай білуі: олардың пішіні, түсі, көлемі, кеңістіктегі орналасуы, сонымен қатар иісі, дәмі т.б. мектепке дейінгі жаста сенсорлық дамудың мәнін бағалау қиын. Дәл осы жаста сезім мүшелерінің әрекетін жетілдіру, қоршаған орта туралы білімін жинақтауға қолайлы кез. Мектепке дейінгі педагогика саласындағы атақты шетелдік ғалымдар (Ф.Фребель, М.Монтессори, О.Декроли т.б.) толыққанды сенсорлық дамуды қамтамасыз етуге бағытталған сенсорлық тәрбие мектепке дейінгі тәрбиелеудің негізгі жағы болып саналатынын айтқан.

Сенсорлық даму, бір жағынан баланың жалпы ақыл-ойының дамуының іргетасын құрайды, бір жағынан өзіндік мәні бар, өйткені толыққанды қабылдау баланы балабақшада, мектепте оқыту үшін қажет. Қоршаған орта құбылыстары мен заттарын қабылдаудан тану басталады. Танудың басқа түрлері – есте сақтау, ойлау, елестету – қабылдау негізінде құралады. Сондықтан қалыпты ақыл-ойдың дамуы толыққанды қабылдауға сүйенусіз мүмкін емес.

Балабақшада бала сурет салуға, жабыстыруға, құрастыруға үйренеді, табиғат құбылыстарымен танысады, математика мен жазу негіздерін меңгере бастайды. Кейде бала дене шынықтыру сабағындағы қимылдарды қайталай алмайтын жағдай болады. Бірақ мәселе тек мұнда емес. Музыкант, суретші, құрастырушының табысын қамтамасыз ететін ерекшеліктерінің қатарында сенсорлық қабілеттер маңызды орын алады. Сенсорлық қабілеттің бастауында ерте жаста жететін сенсорлық дамудың жалпы деңгейі жатыр. Сенсорлық тәрбиелеудің басты бағыты -баланы сенсорлық мәдениетпен азықтандырудан тұрады.

«Сенсорлық мәдениет» ұғымы мектепке дейінгі педагогикаға М.Монтессоридің жұмыстарының арқасында енді. Бірақ, ол мұндай мәдениетке қол жеткізу үшін баланың сезім мүшелерін заттардың түсін, көлемін, пішінін ажыра білуге жаттықтырып отыру жеткілікті деп санаған. Мұндай көзқарас қате еді. Баланың сенсорлық мәдениеті – адамзат жасаған сенсорлық мәдениетті меңгеру нәтижесі. (заттардың түсі, пішіні туралы жалпыға ортақ қабылдаулар).

Бала өмірде де заттардың алуан түрлі пішіндері, түстері және басқа қасиеттерімен, әсіресе ойыншықтар және тұрмыстық заттармен кездеседі.

Ол өнер туындыларымен де танысады: музыка, жазба өнері, скульптура. Әр бала мақсатты бағытталған тәрбиелеусіз осының бәрін қабылдайды. Мұнда адамзаттың сенсорлық мәдениетімен жоспарлы таныстыратын сенсорлық тәрбиелеу көмекке келеді.

Әр жаста сенсорлық тәрбиелеу алдында өзіндік мақсаттар тұрады, сенсорлық мәдениеттің белгілі бір бөлігі қалыптасады.

Үш жастағы балалар қарапайым өнімді әрекеттерді орындай алады (мозаика құрастыру, құрылыс материалдарынан қарапайым заттарды жинау). Бірақ ол кезде олар көрген заттар мен қолданылатын материалдардың қасиеттеріне аса назар аудармайды, өйткені олардың маңызын түсінбейді және оған назар салмайды. Сондықтан балаларды қарапайым тапсырмаларды орындауға үйрету кезінде, әр бала пішін, көлем, түс – заттардың тұрақты белгілері екендігін ұққан жөн. Үш жас кезінде балаларды сенсорлық тәрбиелеудің дайындық кезеңі аяқталады және ары қарай олардың сенсорлық мәдениетті жүйелі меңгеруді ұйымдастыру басталады.

Ұсынылған жүйе көмегімен жүзеге асырылатын сенсорлық тәрбиелеудің әрекеттің өнімді түрлеріне оқыту (сурет салу, т.б.) кезінде жүргізілетін сенсорлық тәрбиелеумен байланысы туралы мәселе маңызды болып табылады. Әрекеттің өнімді түрлері баланың үш жасында қалыптаса бастайды, бірақ осы жаста оқыту маңызды орын алмайды. Сондықтан ерте жастағы балаларға өнімді әрекетті және сенсорлық тәрбиелеу бойынша дидактикалық ойындар мен жаттығуларды шектеудің мағынасы жоқ.

Үш жастан бастап әрекеттің өнімді түрлеріне оқыту жүйелі және жоспарлы сипатқа ие.

Сенсорлық тәрбие – балалардың сенсорлық процесінің мақсатын жетілдіру, (сезінулерді, қабылдауларды, ұсыныстарды) дамыту.

Сенсорлық тәрбиенің мақсаты: балалардың сенсорлық қабілеттілігін қалыптастыру.

Міндеттері:

- 1) Балалардың естілім жүйелерінің әсерлерін қалыптастыру;
- 2) Балалардың сенсорлық эталондар жүйелерінің әсерлерін қалыптастыру;
- 3) Балалардың танымдық пен практикалық әрекетте естілім және сенсорлық эталондар жүйелерінің әсерлерін өз бетінше қабылдауды қалыптастыру.

Сенсорлық тәрбие бойынша 2-3 жасқа дейінгі бағдарламаның талаптары:

8 түсте бағдарлау, олардың атауларын атау, үлгі бойынша тандау;

Үш және одан да көп қарама-қарсы шамаларда бағдарлау;

Әртүрлі шамадан 5-8 сақиналардан тұратын пирамиданы жинау;

Жазық суретпен көлемді, геометриялық пішіндерді, кескінді ара қатынасын белгілеу, үлгі бойынша қою (әртүрлі шамаларды қосымша беттерге жайып қойыпнемесетактайшадаұксас формаларғаорналастыру).

4 бөліктерден тұратын ойып жасалған суреттерден, бүтін қойма текшелерді құру.

Форма бойынша заттарды танып білу (текше, кірпіш, шар, призма);

Жазықтықтағы пішіндерге (шеңбер, сопақша, шаршы, тік төртбұрыш) байланыста бағдарлау;

Түс, пішін, шама бойынша біркелкі заттарды салыстыру, ара қатынасын белгілеу, топтау;

Заттардың пішіндерін саусақтармен сұлба бойынша жиектеу;

Парақ шеңберінде тік, көлденең, дөңгелек, қысқа және ұзын сызықтарды өткізу.

Дидактикалық ойындар арқылы тәрбиеші балалардың сенсорлық

тәрбиені жүзеге асырып, танылатын үрдісін дамытады (білуге

құмарлық, қарапайым көрністерде өзара байланысты түсіну және т.с.с.). Тәрбиеші ойынды ойлау, сөйлеу, қиял, ес, қоршаған өмірді кеңейту және бекіту әдістер ретінде қолданады».

Дидактикалық ойын міндетті, мазмұнды, ережелерді және ойын әрекеттерді енгізеді.

Дидактикалық ойынның негізгі элементі дидактикалық міндет болып табылады.

Ол сабақтардың бағдарламасы-

мен тығыз байланысты. Барлық қалған элементтер қойылған міндетке бағынып және оны орындауын қамтамасыз етеді. Дидактикалық міндеттері әртүрлі (қарапайым математика ұғымдарың бекітуге байланысты болуы мүмкін).

Дидактикалық ойындардың мағынасы қоршаған болмыста (табиғат, адамдар, олардың ара қатынастары, тұрмысы, еңбегі, қоғамдық өмірлері, оқиғалары және т.б.) Дидактикалық ойында үлкен рөл ережелерге беріледі. Олар әрбір балаға ойында не және қалай істеуге тиісті екендігін анықтайды, табысқа жету жолын көрсетіп жатыр.

Балаларда жүріс тұрыста тойтарылу, өз мінез-құлқын басқаруды тәрбиелеп жатыр. Ойын әрекеті – бұл ойын мақсатында балалардың белсенділік таныту: түрлі-түсті шарларды сырғанату, мұнараны талдау, матрешканы жинау...

Сенсорикадағы дидактикалық ойындар мектепке дейінгі кіші жастағы балалар үшін сан туралы білімдерін кеңейтуге және бекітуге үлкен мүмкіндіктер береді: «бір» және «көп»; заттардың теңдігі туралы, өрнектерді түсіну: сонша — қанша, тең, бір бірден — көп — бір де. Заттар салыстырып, олардың шамаларын түсіну: ұзын — қысқа, бірдей, жоғары — төмен, кең — тар, жуан — нәзік, көбірек — аз. Пішінді анықтау: шеңбер, шаршы, үшбұрыш. Кеңістіктің бағыттарын танып білу: алға, артқа, оңға, солға. Уақытты бағдарлау: таңертең, күн, кеш, түн.

31.01.2022 ж. № 000057

Чўлпон «Кеча ва кундуз» романи

УСМАНОВА МУНИРА КУРВАНТАЕВНА

Туркістан облысы, Сайрам ауданы, Ибрагим Ата атындағы жалпы орта мектептің өзбек тілі және әдебиеті пәні мұғалімі

Бўлим	Инсон янги олам силсиласида	
Мақтаб:	Иброхим ота номли умумий урта мақтаб	
Ўқитувчи исми-фамилияси:	Усманова Мунира Курвантаевна	
Куни :		
Синф : 11 (ижт)	Қатнашганлар сони:	Қатнашмаганлар сони:
Дарс мавзуси:	Чўлпон «Кеча ва кундуз» романи	
Таълимий мақсадлар:	11.1.2 - бадиий асар мазмуни ва унинг бадиий жараёндаги ролини тушуниш, мулоҳаза юритган ҳолда тинглаган ва ўқиганларига ўз муносабатини билдира олиш 11.2.5 – асар қаҳрамонларини уларнинг асарнинг мавзу ғоясини очишдаги ролини аниқлаган ҳолда тавсифлаш 11.3.2 - бадиий асарни санъатнинг бошқа асарлари билан уларнинг тимсоллар, мавзу ва муаммолар доирасини яхлит идрок этиш имконини туғдирувчи услуб ва усулларидаги ўхшаш ва фарқли жиҳатларини тавсифлаган ҳолда қиёслаш, ҳиссий таъсирчанлигига баҳо бериш	
Дарс мақсади:	☐ бадиий асар мазмуни ва унинг бадиий жараёндаги ролини тушуниш, мулоҳаза юритган ҳолда тинглаган ва ўқиганларимизга ўз муносабатини билдириш; ☐ асар қаҳрамонларини уларнинг асарнинг мавзу ғоясини очишдаги ролини аниқлаган ҳолда тавсифлаш; ☐ асар ғояси, қаҳрамонларига нисбатан оғзаки ва ёзма шаклда матннинг муаммолар доирасига шахсий фикр билдириш.	
Ресурслар:	Слайд ва видеодарслар. “Венн диаграммаси” “ПОПС формуласи”	

Дарснинг бориши

Дарс босқичлари / дарс вақти	Ўқитувчининг ҳаракати	Ўқувчининг ҳаракати	Ресурслар ва баҳолаш
Дарснинг кириш қисми 3-5 дақиқа	Ташкилий қисм: саломлашиш Давоматни аниқлаш Ўтилган дарслар юзасидан саволлар: Чўлпоннинг “Кеча ва кундуз” романи юзасидан “Ақлий ҳужум” усули орқали саволлар:	Ўқувчилар “Дўстлик давраси” орқали яхши тилак айтадилар Ўтилган дарслар юзасидан саволларга жавоб берадилар: “Ақлий ҳужум” усули бўйича ўтилган дарслар	

	1. Раззоқ сўфи ким, унинг табиатига хос жиҳатлар қандай образли ифодалар билан тасвирланган? 2. Зебининг ота-онасига хос бўлган сифатларни ўзаро қиёсланг. Ўз фикрингизни билдиринг. Ўқитувчи ўтилган дарс юзасидан берилган саволларнинг жавобларини тинглайди.	юзасидан саволларга жавоб берадилар. Ўтилган дарс юзасидан берилган саволларнинг жавобларини топади ва хулосалайди, маълумотларини ўқитувчи йўлланмаси орқали мустаҳкамлайди	
Дарснинг асосий қисми 30-35 дақиқа	Янги мавзу: Чўлпон «Кеча ва кундуз» романи Ўқитувчи янги мавзу учун тайёрлаган слайд презентациясини ҳавола этади. Дарсликдан адибнинг романининг давомини 78-84-бетлардаги парчани ”Жигсо” усулида ўқиш топширилади. Асар парчаси мазмуни юзасидан тушуниш учун саволлар беради ва топшириқлар топширади 1. Раззоқ сўфи нима сабабдан Қурвонбидини “Фитна” деб атайди? 2. «Иссиқ ўриндик» усули орқали берилган парча асосида очик ва ёпик саволлар баҳсини ўтказинг. 3. Зеби ва Салтанат муносабатларини “Венн диаграммаси” орқали изоҳланг. Таҳлил ва талқин 1. Асарда илгари сурилган ғояни аниқланг. Унинг тарбиявий ва ижтимоий аҳамиятини “Концептуал жадвал” график органайзери орқали баҳоланг. Икки гуруҳда ишланг. Баҳолаш ва қиёсий таҳлил 1. Асардан олган таассуротларингизни “ПОПС формуласи” орқали ёритиб беринг.	Иш дафтарларига бугунги сана ва янги дарс мавзусини ёзадилар. Матнолди топшириқларига жавоб беради Ўқитувчи янги мавзу учун тайёрлаган слайд презентациясини томоша қилади. Дарсликдан адибнинг романининг давомини 78-84-бетлардаги парчани ”Жигсо” усулида ўқийдилар ва мазмунини муҳокама қиладилар. Асар парчаси мазмуни юзасидан тушунчалари асосида саволларга жавоб беради ва топшириқларни бажаради 1. «Иссиқ ўриндик» усули орқали берилган парча асосида очик ва ёпик саволлар тузадилар ва баҳс ўтказадилар. 3. Зеби ва Салтанат муносабатларини “Венн диаграммаси” орқали изоҳлайди	 “Қолиплаштирувчи баҳолаш”

	1-гап: Менинг фикримча... 2-гап: ...сабабини мен бундай тушунтираман 3-гап: Уни мен мана бундай далиллар билан исботлайман... 4-гап:... шунга асосланиб, мен бундай хулоса келдимки, ... Ўқувчиларнинг бажарган топшириқларини кузатади ва “ҚБ” қўяди Дескрипторлар 1.Матнни ўқийди, саволлар тузади 2. Асарда илгари сурилган ғояни аниқлайди ва унинг тарбиявий ва ижтимоий аҳамиятини баҳолайди. 3. «Иссиқ ўриндик» усули орқали берилган парча асосида очик ва ёпиқ саволлар тузадилар ва баҳс ўтказадилар.	Таҳлил ва талқин 1.Асарда илгари сурилган ғояни аниқлайди ва унинг тарбиявий ва ижтимоий аҳамиятини “Концептуал жадвал” график органайзери орқали баҳолайди. Икки гуруҳда ишлайди. <table border="1"> <tr> <td>Асар ғоясини ёритувчи жиҳатлар</td><td colspan="3">Муҳим белги ва тавсиялар</td></tr> <tr> <td></td><td>“</td><td>“</td><td>“?</td></tr> <tr> <td></td><td>+</td><td>—</td><td>”</td></tr> <tr> <td></td><td>”</td><td>”</td><td>”</td></tr> </table> Баҳолаш ва қиёсий таҳлил 1. Асардан олган таассуротларингизни “ПОПС формуласи” орқали ёритиб беринг. 1-гап: Менинг фикримча... 2-гап: ...сабабини мен бундай тушунтираман 3-гап: Уни мен мана бундай далиллар билан исботлайман... 4-гап:... шунга асосланиб, мен бундай хулоса келдимки, ...	Асар ғоясини ёритувчи жиҳатлар	Муҳим белги ва тавсиялар				“	“	“?		+	—	”		”	”	”	
Асар ғоясини ёритувчи жиҳатлар	Муҳим белги ва тавсиялар																		
	“	“	“?																
	+	—	”																
	”	”	”																
Дарсинг якуни 3-5 дақиқа Уйга вазифа	Бугунги дарсга якун ясаб, фаол иштирок этганларга алоҳида ташаккур ва айтади. “Қолиплаштирувчи баҳо” қўяди. Қайта боғланиш: “Ютуқлар зинапояси” <i>Асардаги инсоний қадриятларни белгиланг ва шу асосида ижодий иш ёзинг.</i>																		

31.01.2022 ж. № 000058

Биотехнологиялық өндірістің жалпы сызбасы

ДАНЕКЕРОВА АЗИЗА ОРАЛБАЕВНА

*Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы №18 жалпы
білім беретін мектебінің биология пәні мұғалімі*

Бөлімше: Микробиология және биотехнология Күні: Сынып: 9	Қатысқандар:	Қатыспағандар:
Сабақтың тақырыбы: Биотехнологиялық өндірістің жалпы сызбасы		
Осы сабақта қол жеткізетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	9.4.3.2 биотехнологияда өндірілетін өнімдерге мысал келтіру	
Сабақтың мақсаты	-Биотехнологияның жануарлар селекциясындағы маңызын сипаттау -Биотехнология нысаны мен қызметінің құрылымдық деңгейін анықтау -Биотехнология әдісі арқылы алынатын өнімдерге мысал келтіру	
Бағалау критерийі	-биотехнология ұғымына түсінік беріп, селекциясындағы маңызын сипатайды. -биотехнология нысандары мен қызметін анықтайды. -биотехнология әдісімен алынатын өнімдерге мысалдар келтіре алады.	
Тілдік мақсаттар	Оқушылар қолданады: - Биотехнологияны жануарлар селекциясында қолдану маңызын оқулықтан оқып, топта талдап, сыныпта қорғайды. - Биотехнология нысандары мен қызметтерінің құрылымдық деңгейін оқулықтан оқып анықтайды. - Мұғалімнің көмегімен биотехнологияда пайдаланылатын зерттеу әдістерін таныстырылым мен электрондық оқулық арқылы анықтайды. Пәнге қатысты терминдер мен негізгі сөз тіркестері: биотехнология, бактерия, саңырауқұлақтар, плазмидалар, жұмыртқалағыштық.	

	Талқылауға арналған тармақтар: Биотехнология дегеніміз ... Биотехнологияның жануарлар селекциясындағы маңызы ... Биотехнология нысандары ... Биотехнологияда саңырауқұлақтардан алынады ...
Құндылықтарға баулу	«Жалпыға бірдей еңбек қоғамы» құндылығы бойынша жануарлар селекциясындағы биотехнологияның маңызын ұғынады. Жеке жұмыста өзін-өзі реттеп, уақытылы жұмысты орындау, ауызша тапсырмалардың жауаптарын логикалық тұрғыда ұсыну икемділігі артады. Топтық, жұптық жұмыстарда бірігіп жұмыстану, бірлікте, ортақ іс атқаруда жауапкершілікпен қарау, сынға алу, пікір алмасу, бәсекеге қабілетті болу құндылығы дамиды.
Пәнаралық байланыс	Химия, география, информатика
Алдыңғы білім	7-сынып: бактериялар формаларының әртүрлілігін, ірімшік және йогурт өндірісін зерттеу; антибиотиктер, антисептиктер мен залалсыздандыру өнімдерінің қолданылуын сипаттау; вирустардың тіршіліктің жасушасыз формасы екендігін түсіндіру 8-сынып: қарапайымдылар, бактериялар, саңырауқұлақтар, вирустармен туындайтын аурулардың ерекшеліктері мен алдын алу шараларын сипаттау

САБАҚ БАРЫСЫ

Сабақтың жоспарланған кезеңі	Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар
Сабақтың басы 5 мин	I. Ұйымдастыру кезеңі Сәлемдесу, оқушыларды тугелдеу. Оқушыларды топтастыру үшін, оларға биотехнологияға қатысты сурет қиындылары ұсынылады. Сурет қиындыларын құрастыру (мозайка әдісі) бойынша топтарға бірігеді. Үй тапсырмасы. Суреттер сөйлейді.	  

Топтық жұмыс.


1 топ жануар жасушасының органоидтарының атауын және сипаттамасын жазады.

Жануарлар жасушасы:




2 топ өсімдік жасушасының органоидтарының атауын және сипаттамасын жазады.

Өсімдік жасушасы:



3 топ Саңырауқұлақ: жануарлар мен өсімдіктердің айырмашылығы, ұқсастығы, ерекшеліктерін жазады.



ҚБ: «Мадақтау» әдісі арқылы бағаланады

Саралау: Нәтиже немесе жауап, ресурс немесе мәтін, диалог, сабақтағы жылдамдық, оқушының дербестігі мен жауапкершілігі, оқыту ортасы, қарым-қатынас формалары

	бойынша саралау жүргізіледі.	
Сабақтың ортасы 5 минут	I.«Ой қозғау» . Биотехнология туралы бейнеролик көру. Талқылау сұрақтары: -Қандай әдіс көрдіңіз? -Қандай қойдың клоны алынды? -Клондау қандай ерекшеліктерге қарап жасалды? ҚБ: «Бір-бірін мадақтау» әдісі арқылы оқушының ауызша бағалауы жүзеге асады. Саралау: Нәтиже немесе жауап, ресурс немесе мәтін, диалог негізінде, сабақтағы жылдамдық бойынша саралау жүзеге асады. Мұғалімнің түсіндіруі: Жануарлар селекциясын биотехнология әдістерін кеңінен қолдану негізінде әрі қарай жетілдіруге болады. Ерте эмбрионды трансплантациялау әдісін қолдану өнімділігі бойынша өте құнды даралардан ұрпақтар санын күрт арттыруға мүмкіндік берді. Жалпы ауылшаруашылығы жануарларын клондау проблемасы – биологиядағы маңызды бағыттардың бірі, оның дамуы заманауи селекция үдерістерін едәуір белсенді жауауға мүмкіндік береді. (оқулықпен жұмыс, 2 минут шолу жасау) II. «Валюта» әдісі бойынша әр топ постермен жұмыс жасайды. 1-топ қорғағаннан кейін 2-3 топтар 2 жұлдыз, 1 ұсыныс айтып, валютамен қызықты, ұнаған жерлерін сатып алады. Әр топтада осылай жұмыстанады.	Оқулықпен жұмыс. Білім ленд бейнеролик https://bilimland.kz/kk/courses/biologiya-kk/genetika-zhane-suryptau-negizderi/qazirgi-zamandahy-genetika/lesson/zhanuarlar-men-osimdikterdi-klondau  Таныстырылым оқулықпен жұмыс
14 минут		

4 минут	1-топ: Биотехнологияны жануарлар селекциясында қолдануын айтады. 2-топ: Биотехнология нысандары мен олардың қызметі. 3-топ: Биотехнологияда саңырауқұлақтар мен қарапайымдарды пайдалану. Әр топқа валюталар үйлестіріледі. ҚБ: «Қол шапалақ» әдісі арқылы топтардың бағалауы. Саралау: Нәтиже немесе жауап, ресурс немесе мәтін, диалог, оқушыға жеке қолдау көрсету арқылы, сабақтағы жылдамдық, оқушының дербестігі мен жауапкершілігі, оқыту ортасы, таңдау, қарым-қатынас бойынша саралау жүзеге асады. III. «Таза тақта» әдісі бойынша мұғалім бүгінгі тақырып бойынша тақтаға сұрақтар немесе ережелер жазып тақтаны толтырады, содан кейін оқушылар жеке әр сұраққа жауап беріп, өшіріп отырады. Соңында барлық сұрақтарға жауап бергенде тақта таза болып шығады. -Қазіргі кезде кейбір елдерде жыл сайын неше трансплантант-бұзау алынады? -Долли атты қойдың клоны қай жылы қашан кімнің басшылығымен алынды? -Бактериялардың метелдар биотехнологиясындағы маңызы қандай? -Биотехнология нысыандарына сипаттама бер?	Жеке парақтар
7 минут		

	-Биотехнологияда саңырауқұлақтарды қалай пайдаланады? -Қарапайымдардың биотехнологиядағы орны? ҚБ: мұғалімнің ауызша комментарийі. Саралау: Нәтиже немесе жауап, сабақтағы жылдамдық, дербестігі мен жауапкершілігі, оқыту ортасы, таңдау бойынша саралу жүзеге асады. Қалыптастырушы бағалау тапсырмалары: №1 Тапсырма: Суретке қарап биотехнология ғылымы туралы сұрақтарға жауап беру.	
	1. Биотехнология ғылымы адам денсаулығын нығайту мақсатында не жасайды? 	
	Ауру тудыратын бактериялар мен вирустардың көбеюін тежейтін саңырауқұлақтан қандай антибиотик алынған? 	

	2. Биотехнология саласының бірі тамақ өнеркәсібі. Суреттен көріп тұрғандай қандай тамақ түрлерін аламыз? 							
	Дескриптор: 1. Биотехнология ғылымының адам денсаулығын нығайту мақсатындағы жетістіктерін атайды. 2. Ауру тудыратын бактериялар мен вирустардың көбеюін тежейтін саңырауқұлақтан қандай антиботик алынатынын атайды. 3. Биотехнологияда алынатын тамақ өнімдерін атайды. №2 Тапсырма: Берілген кестеге биотехнологияда өндірілетін өнімдерге мысалдар келтіріп жаз.							
	<table><tr><td>жануарлар</td><td>өсімдіктер</td><td>саңырауқұлақтар</td></tr><tr><td></td><td></td><td></td></tr></table>	жануарлар	өсімдіктер	саңырауқұлақтар				
жануарлар	өсімдіктер	саңырауқұлақтар						
	Дескриптор: 1. Жануарлардың биотехнологияда қолданылуына мысал келтіреді. 2. Өсімдіктердің биотехнологияда қолданылуына мысал келтіреді. 3. Саңырауқұлақтардың биотехнологияда қолданылуына мысал келтіреді. ҚБ:Дескрипторды ескере отырып өзара бағалау. Саралау: Нәтиже немесе жауап, тапсырма бойынша саралау, сабақтағы жылдамдық, дербестігі мен жауапкершілігі, оқыту ортасы,							

	таңдау, қарым-қатынас формалары бойынша саралу жүзеге асады.	
Сабақтың соңы 5 минут	«Кір жаятын жіп» әдісі бойынша оқушыларға тақтаға сұрақтар беріледі. Қол көтеріп жауап беру арқылы жауаптарын стикерлерге жазып, кір жаятын жіптерге іледі. 1. Қазіргі кезде кейбір елдерде жыл сайын қанша трансплантан-бұзау алады? 2. Долли атты қойдың клоны кімнің басшылығымен алынды? 3. АҚШ-та эмбрион жасушаларын клондаудан алынған Ген атты бұзау қай жылы туды? 4. Субжасушалық құрылымдарға нелер жатады? 5. Биотехнологияда саңырауқұлақтардан қандай өнімдер алады? 6. Ашытқының белгілі 500 түрінен адам ең бірінші нелерді пайдалануды үйренді? 7. Жеуге жарамды саңырауқұлақтардың жіпшелерін қандай ортада өсіреді? 8. Биотехнологияның дістүрлі емес нысандарыныңқатарына не жатады? 9. Клондау қызметін сипатта? ҚБ: «Мадақтау әдісі» бойынша бағаланады. Саралау: Нәтиже немесе жауап, сабақтағы жылдамдық бойынша саралау жүзеге асады. Кері байланыс «Нысана» әдісімен. 1.Нысананың сары түсіне «Бүгінгі сабақта нені меңгердің?» деген сұраққа жауап күтіледі.	Кір жаятын жіп   Таныстырылым

	2.Нысананың қызыл түсіне «Бүгінгі сабақтың қай сәті арқылы бүгінгі күнді есіңе түсіресің» деген сұрақтың жауабы күтіледі. 3.Нысананың көк түсіне «Келесі сабақта өзіңді қай жағынан дамытар едің, оны қалай іске асырасың?»-дегендей сауалға жауап беріледі.	
Саралау – Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз басқаларға қарағанда қабілетті оқушыларға қандай тапсырмалар бересіз?	Бағалау – Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?	Денсаулық және техника қауіпсіздігін сақтау
Нәтиже немесе жауап, ресурс немесе мәтін бойынша, диалог, оқушыға жеке қолдау көрсету, сабақтағы жылдамдық, оқушының дербестігі мен жауапкершілігі, оқыту ортасы, қарым-қатынас формалары бойынша саралау жүргізіледі.	«Мадақтау» әдісі арқылы бағаланады. «Бір-бірін мадақтау» әдісі арқылы оқушының ауызша бағалауы жүзеге асады. «Қол шапалақ» әдісі арқылы топтардың бағалауы. Мұғалімнің ауызша комментарийі. Дескрипторды ескере отырып өзара бағалау	АКТ қолдану ережелерін сақтау және жұптық, топтық жұмыстарда қауіпсіздік техникасын ескеру.
Сабақ бойынша рефлексия: Сабақ мақсаттары немесе оқу мақсаттары шынайы қолжетімді болды ма? Барлық оқушылар оқу мақсатына қол жеткізді ме? Егер оқушылар оқу мақсатына жетпеген болса, неліктен деп ойлайсыз?	Бұл тарауды сабақ туралы рефлексия жасау үшін пайдаланыңыз. Сол бағандағы өзіңіз маңызды деп санайтын сұрақтарға жауап беріңіз.	

Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме? Сабақ кезеңдерінде тиімді пайдаландыңыз ба? Сабақ жоспарыңыздан ауытқу болды ма және неліктен?	
--	--

31.01.2022 ж. № 000059

Азот. «Азот молекуласының моделі»

ЕРГЕШОВА ДИЛДОРА МАХМУДЖАНОВНА



Шымкент қаласы №96 М.Әуезов атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің химия және биология пәндері мұғалімі

Ұзақ мерзімді жоспардың тарауы: 9.3А 17 (VII), 16 (VI), 15 (V), 14 (IV) - топ элементтері және олардың қосылыстары Күні: 03.02.2021		Мектеп: №96 М.Әуезов атындағы ЖОББМ
Сынып: 9	Мұғалімнің аты-жөні: <i>Ергешова Дилдора Махмуджановна</i>	Қатысқандар: Қатыспағандар:
Сабақтың тақырыбы	Азот. «Азот молекуласының моделі»	
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	9.2.1.5-азоттың қасиеттерін және табиғаттағы азот айналымын түсіндіру	
Сабақтың мақсаты	Барлық оқушылар Азоттың қасиеттерін және табиғаттағы азот айналымын түсінеді	
	Оқушылардың басым бөлігі Азоттың қасиеттерін көрсететін реакция теңдеулерін жазып, талдайды	
	Кейбір оқушылар Азотқа тән реакция теңдеулеріне талдау жасап, қолдану аясын біледі.	
Бағалау критерийі	- Азоттың периодтық жүйедегі орнын анықтайды - Азоттың физикалық қасиеттерін сипаттайды - Азоттың химиялық қасиеттерін ажыратады - Азоттың табиғаттағы айналымын түсіндіреді	
Тілдік мақсаттар	Сыныптағы диалог/ жазылым үшін пайдалы тілдік бірліктер:	

	Азоттың периодтық жүйеде орналасқан Азоттың физикалық қасиеттері - Табиғаттағы азот айналымы - Пәнге қатысты лексика мен терминология		
	қазақша	орысша	ағылшынша
	Азот	азот	nitrogen
	Химиялық элемент	Химический элемент	Chemical element
	Физикалық қасиеттері	Физические свойства	Physical properties
	Химиялық қасиеттері	Химические свойства	Chemical properties
Құндылықтарға баулу	Сынып оқушыларының бір-бірімен ынтымақтастықта болуы, өмір бойы білім алу және еңбек пен шығармашылық қабілеттерін дамыту.		
Пәнаралық байланыс	Биология, еңбекке баулу		
Алдыңғы білім	8.3А - Химиялық элементтердің периодтық жүйесі. 9.3А - 17 (VII), 16 (VI), 15 (VI), 14 (IV) -топ элементтері және олардың қосылыстары		


Сабақ барысы

Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар
Сабақтың басы 8.00-8.12 2 минут	Ұйымдастыру кезеңі (сәлемдесу, түгендеу) Жағымды психологиялық ахуалды тудыру. «Ыстық лебіз» Балалар, бір-бірімізге алақан арқылы жүректің жылуын сезініп жылы лебіздерін айтамыз Қима қағазын тарату арқылы топтарға бөлу Қима қағаздардағы кеспе суреттер арқылы топтарға біріктіру. 1-топ: «Азот» 2-топ: «Аммиак» Ребус пайдалана отырып топтардың атын шығару.(Rebus)	
2 минут	     Үй тапсырмасын тексеру: “Баспалдақтан көтерілу” әдісі (Оқушылар күкірт және күкірт қосылыстары тақырыптары бойынша берілген сұрақтарға тек «иә» немесе «жоқ» деген жауаптарын береді) Оқушылар баспалдақтан көтеріле отырып әр бір топ элементтерін айтып кетеді	Топқа бөлу

	ҚБ: «Мадақтау» әдісі Ойлан да тап» әдісі бойынша оқушылармен өткен сабақты қайталау: <table><tr><td>1. Күкірт қышқылының формуласы?</td><td>H₂SO₄</td></tr><tr><td>2. Күкірт қай топта орналасқан?</td><td>VI топ</td></tr><tr><td>3. Күкірттің IV оксиді ?</td><td>SO₂</td></tr><tr><td>4. Күкірттің VI оксиді ?</td><td>SO₃</td></tr><tr><td>5. Күкірт қандай элемент?</td><td>Типтік белсен</td></tr><tr><td>6. Күкірт қышқылының тұздарын не деп атайды?</td><td>ді беймет алл Сульф аттар</td></tr></table> Химиялық эстафета S→ SO₂→ H₂SO₃ → BaSO₃→ SO₂ → SO₃→ H₂SO₄ Мына айналымды жүзеге асыратын реакция теңдеулерін жазу <table><tr><td>1. S+O₂=SO₂</td></tr><tr><td>2. SO₂+H₂O=H₂SO₃</td></tr><tr><td>3. H₂SO₃+BaCl₂=BaSO₃+ 2HCl</td></tr><tr><td>4. BaSO₃=SO₂+BaO</td></tr><tr><td>5. 2SO₂+O₂=2SO₃</td></tr><tr><td>6. SO₃+H₂O=H₂SO₄</td></tr></table> Қызығушылықты ояту. «Жасырын элемент» әдісі «Көп» сөзінің антониміне тілсіз жауды тіркесең, көз алдыңда өзгеремін, қажетті тыңайтқышқа айналамын. Мен қай элементпін? Химиялық элементтердің периодтық жүйесінде азот 2 периодта, 15 (V) – топтың негізгі топшасында орналасқан. N  Сабақ тақырыбын жариялау: Азот Сабақтың мақсаты мен бағалау критерийлерін оқушылармен бірге талқылау	1. Күкірт қышқылының формуласы?	H ₂ SO ₄	2. Күкірт қай топта орналасқан?	VI топ	3. Күкірттің IV оксиді ?	SO ₂	4. Күкірттің VI оксиді ?	SO ₃	5. Күкірт қандай элемент?	Типтік белсен	6. Күкірт қышқылының тұздарын не деп атайды?	ді беймет алл Сульф аттар	1. S+O ₂ =SO ₂	2. SO ₂ +H ₂ O=H ₂ SO ₃	3. H ₂ SO ₃ +BaCl ₂ =BaSO ₃ + 2HCl	4. BaSO ₃ =SO ₂ +BaO	5. 2SO ₂ +O ₂ =2SO ₃	6. SO ₃ +H ₂ O=H ₂ SO ₄	9- сынып оқулығы
1. Күкірт қышқылының формуласы?	H ₂ SO ₄																			
2. Күкірт қай топта орналасқан?	VI топ																			
3. Күкірттің IV оксиді ?	SO ₂																			
4. Күкірттің VI оксиді ?	SO ₃																			
5. Күкірт қандай элемент?	Типтік белсен																			
6. Күкірт қышқылының тұздарын не деп атайды?	ді беймет алл Сульф аттар																			
1. S+O ₂ =SO ₂																				
2. SO ₂ +H ₂ O=H ₂ SO ₃																				
3. H ₂ SO ₃ +BaCl ₂ =BaSO ₃ + 2HCl																				
4. BaSO ₃ =SO ₂ +BaO																				
5. 2SO ₂ +O ₂ =2SO ₃																				
6. SO ₃ +H ₂ O=H ₂ SO ₄																				
3 минут																				
5 минут		http://www.mys-hared.ru/slide/1328838/																		
	Муға шабул (Brainstorming)  Постер қорғау Әр бір топ өз тобының тақырыбы бойынша постер қорғайды Жаңа сабақ. 1-тапсырма Сыныппен жұмыс (СЖ) «Идеялар себеті» тақырып бойынша оқушылардың не білетінін қысқаша жаздыру. 3 сөйлем																			

Сабақтың
ортасы
8.13-8.34

5 минут



Глосарий

қазақша	орысша	ағылшынша
Азот	азот	nitrogen
Химиялық элемент	Химический элемент	Chemical element
Физикалық қасиеттері	Физические свойства	Physical properties
Химиялық қасиеттері	Химические свойства	Chemical properties

Дескриптор:

- Оқушылар тақырып бойынша не білетіндерін 3 сөйлем бойынша жазады.
- Глосарий бойынша жұмыс жасайды.
“Домино” ойыны (Game of dominoes)
Сұрақтарға жауап
 - Азоттың таңбасы
 - Молекулалық формуласы
 - Реттік нөмірі
 - Салыстырмалы атомдық массасы
 - Азоттың физикалық қасиеті
 - Азоттың ауа құрамындағы мөлшері
 - Азот қандай органикалық заттың негізгі құрам бөлігі?
 - Бөлме температурасында азот реакцияға түсетін металл
 - «Азот» атауын ұсынған ғалым?

ҚБ: «Қол шапалақ» әдісі

Семантикалық карталар (semantic map)

	111	120	98	106	78	107	62
H ₃ PO ₄	үйге	көшім	қайда	келді	мен	оған	нан
Al(OH) ₃	маған	үндемей	көріші	үйіне	қарасақ	шығып	кетті
Na ₂ CO ₃	мейірімді	адам	болатын	та,	оны	көрсем	әпкемді
HNO ₃	кеше	бүгін	ертен	неге	оған	жауап	берді
CaCl ₂	көз	қышқыл	негіз	тұз	оксид	бас	көз
Fe(OH) ₃	әңгіме	сөз	сөйлем	апам	атам	жіберсек те	әкем
Na ₂ O	көр	ал	бер	жүр	кет	ұрыспа	көретінімі
MgSO ₄	физика	химия	биология	ана тілі	әдебиет	тарих	география
NaOH	ғалам	ғажайып	өмір	әлем	тақдыр	әңгіме	дүкен

Қубизм әдісі (The method of cubism)

Химиялық диктант

Азоттың периодтық жүйедегі орны

Ермексаз,
шырпы

5 минут

6 минут

Азоттың тотығу дәрежелері: _____

Атом құрылысы _____

Азоттың физикалық қасиеттері _____


Постер,
маркер, А3

Азот табиғатта бос күйінде ауаның негізгі құрам бөлігі, көлемі бойынша – _____

3-тапсырма. «Сиқырлы гүл» ойыны.



“Сиқырлы гүл” ойыны
(Magic flowers)



Азот қосылыстары	Күкірт қосылыстары

5 минут

Дескриптор:

- 1. Азоттың химиялық қасиеттерін сипаттайды
- 2. Реакция теңдеулерін жазып, өнімді атайды

ҚБ: «Сөздік бағалау»

4- тапсырма. «Ойлан, Бірік, Бөліс» әдісі. ТЖ суретпен жұмыс

1-топ «Азот» тобы: Азоттың адам үшін маңызын түсіндіреді.

2-топ «Аммиак» тобы: Азоттың табиғаттағы айналымына талдау жасайды.

Дескриптор:

- азоттың адам үшін маңызын түсінеді.
- табиғаттағы азоттың айналым бағытын көрсетіп, азоттың табиғаттағы айналым кезіндегі үдерістер атауын жазады.

ҚБ: «Температураны өлшеу» әдісі.

Сабақтың соңы 8.35-8.40 5 минут	 Үйге тапсырма(Home work) 32–бет №5 жаттығу 44-бет №2 есеп	Үлестірме қағаздар
--	---	-------------------------------

31.01.2022 ж. № 000061

**Көркем еңбек сабақтарында ұлттық
ою-өрнектерді оқыту әдістері**

ЕЛЕУОВА ШОЛПАН КАРИМОВНА

Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Миялы селосы

Х.Досмұхамедұлы атындағы орта

мектебінің көркем еңбек пәнінің мұғалімі

Қазақ халқы өнерлі халық болғандықтан, өнерін жоғалтпай өзінің ісін, өмірін жалғастыратын шеберлі өнерлі ұрпақ тәрбиелеп өсірген. Ал қазіргі күнде жастарды өнерге, шеберлікке үйрету, ұлттық тәрбие беру технология пән мұғалімдеріне жүктелген. Халқымыздың сарқылмас бай қазынасы, рухани мұрасы болып табылатын қазақ қолданбалы өнеріне деген алғашқы негізі, ұлттық мәдени құндылықтарға баулу ісі мектептегі бейнелеу өнері пәнінен басталатыны белгілі. Осы тұрғыдан бейнелеу өнері пәнін мектепте оқытудың негізгі мақсаты қоршаған орта әсемдігін көру, сезіну, қабылдау қасиеттерін қалыптастыру, эстетикалық талғамын, шығармашылық қабілетін жетілдіру, көркемдік қаракеттерді өз бетімен орындауға үйрету болып табылады. Қазіргі таңда мектеп оқушыларын еңбекке тәрбиесіне баулу арқылы өз ұлтымыздың ұлттық қолөнеріне үйрету – оқу тәрбие үрдісінің өзекті мәселелерінің бірі болып келеді. Қолөнерге оқушыларды баулу өз елін, жерін, халқын сүю, салт-дәстүрін бағалай білуге үйретеді. Қай халықтың болмасын қолөнері, оның тарихынан, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерімен қатар өркендеп, дамиды. Сондықтан жас жеткіншектерді халқымыздың мазмұнға бай тәрбиесі негізінде өсіруге, ой-өрісін, жоғары эстетикалық тағлымын, биік адамгершілік тұлғасын қалыптастыруға көп көңіл бөлінеді. Қолөнерді жасап байыту арқылы адамның жан дүниесі, ақыл-ойы, қиялы, іскерлігі, шеберлігі, тапқырлығы, талаптылығы, ұқыптылығы және байқағыштығы артып, дағдыландырады. Қолөнерді оқыту әдісі дегеніміз — мұғалімнің технология сабақтарында оқушылардың шығармашылық іс-әрекетіне басшылық ету тәсілдерінің жүйесі. Қазақ халқының ұлттық өнерін, тарихын көптеген ғалымдарымыз Ә.Марғұлан, Ө.Жәнібеков, Х.Арғынбаев, С.Қасиманов, Ғ.Иляев, А.Ғалымбаева, А.Мұқанов және т.б. зерттеп көптеген еңбектерін жарыққа шығарған. Еңбек сабақтарында оқушыларды қолөнеріне баулу және сәндік қолданбалы өнер негіздері бойынша М.Қозыбақов, Ш.Әбдуалиева, С.Жолдасбекова, Б.Ортаев, т.б. зерттеу жұмыстарын жүргізген. Технология сабақтарында халқымыздың қолөнерін үйрету арқылы оқушыларға ұлттық дәстүрге тәрбие берудің артықшылығы көп.

Қолөнерге баулу, шығармашылықпен ұштастырып білім беру, еңбек етуге баулумен қатар ата-бабаларымыздан қалған салт-дәстүрге тәрбиелеу қазіргі заманның талабы. Қолөнерге қызықтыру үшін кез келген бұйымның, туындының жасалу құпиясын, тарихын ашып көрсетсек, қосымша әдебиеттерден мағлұматтар берсек қайталанбас ерекшеліктерге толы жасалу технологиясымен таныстырсақ оқушы шығармашылықпен іске кіріседі. Қазақ қолөнер көркем мәдениеттің бір бөлігі болып табылады. Бұл өнер ежелгі дәуірден бастап бүгінгі күнге дейін тұрмыста қолданып келеді. Қазақтың ұлттық өнерімен таныстыру негізінде бала айналадағы дүниенің қимыл-қозғалыстарының алуан түрлі реңін түсінеді. Балалардың өнер туындыларымен бірге үнемі байланыста болуы рухани-өнегелік, эмоционалдық-сезімдік дамуының және шығармашылық мүмкіндіктерінің қалыптасуының негізгі тірегі болып келеді. Оқушылар бейнелеу өнері, ән-күй; құрастыру және қол еңбегі, көркем әдебиет сабағында және ертеңгілік-тер мен ойын-сауықтар барысында халқымыздың ұлттық өнерімен танысып, көркем талғамын, өзіндік дүниетанымын қалыптастырады. Қазақстандағы мектеп оқушыларының көркем мәдениетін қалыптастыруда ұлттық өнердің ерекшеліктері мынадай міндеттерді алға қояды:

- қолданбалы және бейнелеу өнерінің мәнерлеу тілін меңгеру арқылы қоршаған ортаға эстетикалық қатынасты қалыптастыру;
- қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыда бағалауға қажетті білім қалыптастыру;
- бейнелеу өнері сабақтарында оқушының шығармашылық қарекеттерінің потенциалын жетілдіру;

-оқушылардың ұлттық өнерге деген мақтаныш сезімі мен елжандылығын қалыптастыру. Оқушыларға халық шеберлері-ағаш шебері, ұста, зергер, тоқымашы, кестеші, өрмек тоқушы т.б. таныстыра отырып, олардың қолынан жасалған бұйымдар туралы мағлұмат беру балалардың білім деңгейлерін жетілдіре түседі. Қазіргі кезде сол ұлттық қол өнерді жас ұрпақтың бойына дарытын, үйрететін мектептерде жүргізілетін еңбек пәні. Олай болса «Ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» деген халық даналығын басшылыққа алып, жас ұрпақты тәрбиелеуде, дамытуда, қалыптастыруда халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан тәрбие құралдарын (тіл, дін, өнер, үлгі-өнеге) орнымен пайдалану бүгінгі күн үшін де өте маңызды. Балалар ағаш шебері ағаштан түйін түйетінің, ұста темірден жасалатын бұйымдарды соғатынын, зергер әшекей бұйымдарды жасайтынын, тігінші киім тігетінін жөнінде мағлұмат алып, ұлттық бұйымдардың жасалу ерекшеліктерімен танысады.

Еңбек арқылы адамның денесі, көзқарасы, эстетикалық және ақыл – ой деңгейі дамып, жетіледі, еңбектің мәні және құндылығы арта түседі. Балалар мен жастардың еңбек тәрбиесі ежелден – ақ ата – ана парызы, бүкіл халық міндеті болды.

Қайсыбір қолөнер шеберін алсақта олар өздерінің жасаған бұйымдарын түрлі ою-өрнектерімен әшекейлейді. Әдемілік пен әсемдікке құштарлық адамзатқа тән. Көркем бұйымдар мен зәулім ғимараттар — көз қуанышы. Ол жанды сергітеді. Ежелгі адамдар жын – шайтаннан қорғану және өзін — өзі сәндеу үшін тәндерін нақыштап, киімдерін әшекейлеп, үйлеріне тұмар іліп қоятын. Осының нәтижесінде ою — өрнек пайда болды. Ою — өрнек латынның «ornamentum» сөзімен мәндес. Оның аудармасы әшекей, өрнек, бедер деген мағынаны білдіреді. Көшпелі қазақтар табиғаттың әдемілігіне сүйсіне отырып, өз айналасының сұлулығына аса мән берген Қолөнерден білім берудің әрбір түріне тоқтайтын болсақ : Құрақ-құрау өнері Бүгінгі күнде ата-бабамыздың айналысқан қандайда бір кәсібі болмасын өз маңызы мен қасиетін жоймаған. Қайта түрленіп қазіргі заман талабына сай ерекшеленіп отыр. Құрақ құрау барысында оқушылардың ой-өрісін жанжақты дамытуға әсері мол. Құрақ құрауда оқушылар түрлі геометриялық фигураларды басын құрастыруды игеріп , үшбұрыштың қабырғасы мен төртбұрыш таңбасының бір-біріне тең болуын, өлшемі арасындағы байланыстылықты есептеуді үйренеді. Ою өрнек — қолөнер бұйымдары бүгінгі тұрмысымызда сирек қолданылатындықтан, оқушылар оның атын естігеннен көп есте сақтамайды, сондықтан оюдың шығу тарихын, аңыз- әңгімелер арқылы жеткізе отырып, тәжірибиеде жиі қолдануымыз керек . Ою оя білген оқушы шеберлікке, өрнекті матаға үйлесімді, сәйкесті орынды қолдануға үйренеді. Ертедегі қазақ оюларын мазмұны жағынан іріктесек, негізінен 3 түрлі ұғымды бейнелейді. Олар: біріншіден, мал өсіру мен аңшылықты, екіншіден, жер — су, көшіп — қону көріністерін, үшіншіден, күнделікті өмірде кездесетін әр түрлі заттардың сыртқы бейнесін береді. Шеберлер іске беріліп, жұмыс әдісіне төселе келе өздерінің көрген ою — үлгілерін жатқа жасап, оюға өз бетімен жаңа түрлер енгізу дәрежесіне жетті. Ою- өрнек жасауда өзіндік қағидалары бар. Олар: композиция, колорит, симметрия, ритм. Композиция дегеніміз өрнекті бұйымның бетіне реттеп орналастыру. Колорит дегеніміз ою- өрнектің бояу түрлерінің бір-бірімен үйлесіп, жарасым табуы. Осы жерде әр түстің нышаны бар. Мысалы, көк түс — аспанның, қызыл түс — оттың, ақ түс — ақиқаттың, сары түс — ақыл- парасаттың, жасыл түс — жастықтың, көктемнің символы. Симметрия дегеніміз — ою- өрнектің екі жағының тең болуы. Ритм дегеніміз — ою-өрнекте бір элементтің қайталанып келуі деп атайды. Кесте —қазақ халқының қолөнерінің ерекше түрінің бірі . Ертеде халқымыз киімде, үй тұрмысында қолданатын бұйымдарының бәрін кестемен әшекейлеп безендірген. Бүгінгі күнде кесте өнерін ұлттық киімдерде және ұлттық бұйымдарында ғана қолданылады.

Кесте тігу барысында төзімділікті, шыдамдылықты талап етеді және адам бойына, әсіресе, бойжеткендерге сабырлы, ұқыпты, зерделі мінез-құлық қалыптастыруда кесте өнерінің тигізетін пайдасы көп деп айтуға болады.

Кесте және көркемдеп тігу ою — өрнекті әшекейлеудің ертеден келе жатқан элементтерінің басты түрі. Кестені бізбен және жай инемен әшекейлеп тігу барлық халықтарға да ортақ өнер. Кесте өнері нағыз халықтық, алуан әдісті, таңдауы көп өнер. Кесте өнерінің қазақ халқына тән байырғы көне түрлері: біз кесте, айқас тігу, айқыш — үйқыш тігу, басып тігу, қайып тігу. Біз кестенің шым кесте және әредік кесте деп аталатын екі түрі бар. Тоқу өнері — қазақ халқының ежелден қолданып келе жатқан ең алғаш киімі мен үй жабдығының негізі болған. Бұл тамаша өнер қазіргі талап тілектер тұрғысынан жасалып, жылылыққа, сұлулыққа, әсемдікке жетелеуде. Тоқумен айналысқанда адам жеке басына аса қажет нәрсені жасау үшін ғана тоқымайды. Осы тоқу әдісінің өзі оған қуаныш әкеледі. Себебі, түрлі- түсті бояулар әлемінің үйлесімділігі, алуан сән мен фасондар шеберлігін, ой -өрісін жетілдіріп, көркемдікті сезіну қабілетін дамытады. Тоқыма тоқу кезінде адамның көңіл-күйі сабасына түсіп, бір сәт өзімен-өзі болып, шаршағаны басылады. Әрі еңбек, әрі ермек. Оның үстіне мынадай қымбатшылық заманда өз киімін өз тоқып алса, ол да әжептеуір үнем. Әшекейлерді түсіре білу — үлкен өнер. Бұл екінің бірінің қолынан келе бермейді. Тіпті күнде ине ұстап, киім тігіп отырғандардың өзі әшекейлеуге келгенде шорқақтық танытады. Бұл заңды да, өйткені әшекей салу — өнер. Әшекейлеудің түрлері көп. Зергерлік — өте ерте заманнан келе жатқан өнер. Алтын — күміс әшекейлі бұйымдарды жасаумен әуестенушілерді зергер деп атау бүкіл Орта Азия халықтарында ерте кезден — ақ қалыптасқан. Қазақ шеберлер зергерлік өнерін біліп бірақ алтын — күмісті өздері қорытып, өндіре алмаған. Сондықтан оларды көрші орыс мемлекеттерінен сатып, айырбасқа алып отырған. Кесек күміс пен алтын оңайлықпен табылмағандықтан ол кездегі қазақ зергерлері көбінесе алтын, күміс ақшаларды қайта балқытып немесе ол күйінде пайдаланған. Олар — бұрау, көз салу, жону, бастыру, бедерлеу, өру, теру, кестелеу, сызу, құю, бояу, зерделеу, жапсырмалау, бисірлеу сияқты өрнек үлгілерінің үй тұрмысында, өнеркәсіпте, құрылыста, мәдениет саласында, сәулет өнерінде жалпы әлем өнерінің дамуында қолданылмайтын, іске аспайтын жері жоқ.

Соның ішінде көп кездесетін түрі — кестелеу, жапсырмалау, бисерлеу өнері. Бисер тоқу өнері ертеде кеңінен тарап, танылып келе жатқан халық шығармашылығының және әшекей бұйымдар дайындаудың бір түрі. Бисермен жай суреттерден бастап өте күрделі түрлі-түсті жұмыстар жасауға болады. Мысалы, тұмарша, ұлттық сөмкелерді, әмиян, ұлттық қоржын, алқа, шашбау, қазіргі кезде ұялы телефондарға арналған қапшықтарды әшекейлеп тігеміз. Бисер тоқу өнері нәзіктікті, әдемілікті, шыдамдылықты және фантазия мен шеберлікті талап етеді. Әр адам бисер тоқумен айналысуына болады. Сызбамен жұмыс істегенде есте сақтау қабілеті жоғары болып, түстерді үйлесімді орната білуге үйретеді.

Бисермен жұмыс істегенде жұмыс істейтін орын жарықпен жақсы қамтамасыз етілу керек. Көзге демалыс беру үшін 5-10 минут үзіліс жасау тиімді. Бисерді таңдау – үлкен жұмыс. Олардың өлшемдері, түстері әр алуан. Сондықтан тігілетін бұйымға байланысты маржан моншақтың қандай түрін, қанша мөлшерде алуды, қандай түсін таңдауды, тігілетін мата түрін, ине, жіпті тандай білу қажет. Қазақтың ұлттық қолөнерінде ағаштан көптеген заттар жасалады. Балташылар, ағаш ұсталары, ершілер қайыңды, үйеңкіні, үйшілер, ағаш ойып, шыбық өріп тоқушылар талды пайдаланады. Балташылар үй борайды, еден төсеп, арба, шана, жақтау, қақпа, тіреу сияқты ірі заттарды істейді. Ағаш ұстасы стол, шкаф, сөре, орындық, кебеже, асадал, рамалар жасайды. Ағаш оюшылар оны жонып күйдіреді де бояулап өрнектейді. Шыбық өрушілер, тоқушылар қамыстан, шиден қорап, шыпта, орындық, шарбақ сияқты заттарды өреді. Адамзат қоғамының рухани және мәдени қорының қымбат қазыналарының бірі — халықтың қолөнері мен әдет-ғұрпы, қай халықтың болсын бітім тұлғасы, психологиялық, этникалық жан сезім белгілері оның қолөнер мен әдет-ғұрып, салт-санасынан көрінеді. Өткен ел тарихын, тұрмыс-тіршілігін ой елегінен өткізер болсақ, халық өміріндегі әдет-ғұрып, салт-санасының дамуы тарихи оқиғалардан кейін заманның өзгеруіне байланысты болғаны айқын. Мұны ұрпақ тәрбиелеу ісіндегі халықтық тәжірибе белгілерінен көруге болады. Бұл жағдай сабақтарда халық өнерін қазіргі мәдениеттің ажырамас бөлігі тұрғысынан, кәсіби өнермен өзара әрекеттестігі, ерекше типтегі шығармашылық тұрғысынан қарастырғанда ғана мүмкін болады. Сәндік-қолданбалы өнерге негізделген көркем-шығармашылық сабақтар мектеп оқушыларына белсенділік береді, бейнелі ойлауын, қиялдауын дамытуға ықпал етеді. Мәселен, халықтың сәндік-қолданбалы өнер туындыларындағы бейнелер мен ою-өрнектерде берілген оюлар, түйсіктер мен түсініктер, тұжырымдар, халықтың дүниетанымы жеке тұлғаның эстетикалық сапаларын жетілдіре түседі. Бояу түстері мен материалдың, бұйым формасы мен нақыштарының үйлесімділігі, олардың әсемдігі мен жарасымдылығы адамның ой ұшқырына әсер етіп, оның рухани жан дүниесін байытады.

Қорытынды

Өнер — адамға жақсы әсер ететін және оны тәрбиелейтін нәзік дүние. Қолөнер бұйымдарын жасау барысында қазіргі жастарға берер тәлім-тәрбиесі, пайдасы өте мол, сонымен қатар эстетикалық тәрбие бере отырып, өз қолдарымен қажетті бұйымдар жасай білуге, шеберлікке, қолөнер шығармашылықтарын дамытады. Оқушыларды ұлттық қолөнер арқылы кәсіби шеберліктерін қалыптастырудың маңызды тұжырымдамалық бағыты болып білім, ғылым, өнер, өндіріс және өнеркәсіптің байланысы саналады.

Бұл бағыттың жүзеге асуын ғалымдар қазіргі кезде технологиялық білім беру тұжырымдамасында: мамандарды қоғамдық өндірістегі қайта құрылған іске даярлау, олардың танымында ұлттық қолөнердің әлемдік көріністерін қалыптастыру, ой-өрісі мен кәсіби- шығармашылық қабілеттерін жетілдіру, білім және еңбек қабілеттерінің бірнеше түріне катысу үрдісінде мамандарды даярлауға жағдайлар жасау мақсаттары қойылып отыр. Ғасырдан-ғасырға, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ата дәстүрі халықтық өнер желісін үзбей, халқымыздың асыл мұрасы ретінде бағалап, оларды көздерінің қарашағындай сақтап, ілгері дамытып өркендету — өнегелі іс. Мектеп оқушыларының кәсіби шеберлігін қалыптастыруда сәндік-қолданбалы өнерді менгеру үрдісінде кәсіби шеберлігін қалыптастыру оның адам өміріндегі рөлін жетік түсіндіруден, оның маңыздылығы мен мәнін және спецификалық заңдылықтарын толық ашып көрсетуден де талап етіледі. Адам өміріндегі қоғамдық салт-дәстүр, әдет-ғұрып қашан да адам қиялынан туындап, заман ағымына қарай байып, мазмұны тереңдеп келе жатқан тәрбиелік мәні өте зор тағылым. Қолөнер бұйымдарын жасау барысында қазіргі жастарға берер тәлім — тәрбиесі, пайдасы өте мол, сонымен қатар эстетикалық тәрбие бере отырып, өз қолдарымен қажетті бұйымдар жасай білуге, шеберлікке қолөнер шығармашылықтарын дамыта

31.01.2022 ж. № 000062

**Дене тәрбиесі пәні бойынша сыныптан тыс
жұмыстардың оқушы денсаулығына пайдасы**

КОПЖАНОВА КУНДЫЗАЙ НАЖИМАТДИНОВНА

*Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы №18 жалпы
білім беретін мектебінің дене шынықтыру пәні мұғалімі*

Қазіргі таңда қоғамның салауаттылығы маңызды сипатқа ие. «Дені сауың – тәні сау» деп көне Рим ойшылы Юневал айтпақшы, әр адам өз денсаулығының кепілі. Сондықтан өскелең ұрпаққа салауатты өмір салтының қағидаларын құлаққа сіңіре берсе, оларды сол жолға тәрбиелейтін іс-әрекеттерді басты назарда ұстаса, берер нәтижесі де онды болары анық.

Өйткені қай қоғамға болсын дені сау, жігерлі де ширақ, білімді де салауатты ұрпақ, жан-жақты шыныққан азамат қажет. Ал дені сау, ширақ та шыныққан ұрпақ тәрбиелеудің бір ұшығы әрбір мектептегі дене тәрбиесі пәні мұғалімінің қолында екені сөзсіз. Ұрпақ денінің саулығы - ұлан асыр байлық, тек оны сақтау үшін жүйелі де жоспарлы жұмыс жүргізе білу қажет. Себебі дүниежүзілік денсаулық сақтау ұжымдарының деректеріне сүйенер болсақ, денсаулыққа әсер ететін факторлардың 50-60 пайызы адамның өмір тіршілігіне, 20 пайызы тұқым қуалаушылыққа, 20 пайызы сыртқы ортаның жағдайына, 8-10 пайызы дәрігерлік көмектің деңгейіне байланысты екен. Бұдан шығатын қорытынды, адам денсаулығын сақтаудың негізгі бағыты салауатты өмір салтын ұстауда, соның ішінде дене шынықтырумен жүйелі айналысуда жатқандығын анық байқауға болатындығы. Сол себепті мектептегі оқушының денсаулығын сақтау мен қалыптастырудың басты мақсаты тұлғаның психологиялық және дене қимыл әрекетінің мүмкіндіктері мен ерекшеліктерін ескеріп, салауатты өмір салтын қалыптастыруға баулу және спортпен жүйелі түрде шұғылдануға дағдыландыру болып табылады.

Ал спортпен шұғылдануды тек сабақ процесінде ғана жүзеге асырып қана қоймай, сыныптан тыс мезгілде де іске асыру дене тәрбиесі пәні мұғалімінің міндеті деп білемін.

Дене тәрбиесі бойынша сыныптан тыс жұмыстардың мақсаты - баланың денсаулығын нығайтуға көмектесу; ағзаны шынықтыру, оқушылардың жан-жақты өсіп жетілуіне, дене шынықтырудық оқу бағдарламасын ойдағыдай меңгеруге көмектесу; балаларды дене шынықтыру және спортпен үнемі шұғылдануға әдеттендіру; қозғалыс дағдысын тәрбиелеу болып табылады. Дене шынықтыру пәні бойынша сыныптан тыс шараларды ұйымдастыруды төмендегі бағыттар бойынша жүргізуге болады:

- I. Спорттық секциялар.
- II. Аула клубтары жұмыстары.
- III. Туризм.
- IV. Көпшілік мәдени шаралар
- V. Тәрбие сағаттары
- VI. Отбасылық жағдайында
- VII. Тренингтер
- VII. Жазғы сауықтыру лагерлері.

Бұл бағыттардың барлығы да оқушының спортқа деген қызығушылығын оятатын шаралар ғана емес, олардың сана-сезіміне әсер етумен қатар, денсаулығына ықпалы зор дүниелер болуға тиіс.

Сондықтан дене тәрбиесі пәні мұғалімі осы ұстанымды өзіне басты мақсат етіп алуы тиіс деп есептеймін.

Ал осы жоғарыда айтылған бағыттардың қамтитын шараларына тоқталар болсам, оларды былайша саралап көрсетуге болады:

СПОРТТЫҚ СЕКЦИЯЛАР: Волейбол, баскетбол. Футбол, дойбы, шахмат, тоғызқұмалақ т.б.

Аула клубтары жұмысы: Спартакиадалар, турнирлер, спорттық түрлі сайыстар т.б.

Туризм: түрлі саяхаттар,

Көпшілік мәдени шаралар: Ұлттық ойындар сайысы, отбасылық спорттық сайыстар, дене шынықтыру және спорт мейрамдары

Тәрбие сағаттары: мәдени іс-шаралар, кездесулер.

Отбасылық жағдайында: үй жағдайындағы жаттығулар,

Тренингтер: Спорт түрлерін насихаттау, салауатты өмір қалыптастыруға бағыттау, денсаулыққа зиянды әрекеттерден аулақтату, дене тәрбиесіне қатысты білімдерін жетілдіру бағытындағы шаралар.

Жазғы сауықтыру лагерлері: Балалардың денсаулықтарына қарай түрлі жаттығулар, спорттық ойындар, сайыстар.

Міне осындай шаралар мектептегі дене тәрбиесі сабағындағы сыныптан тыс шараларды ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Ал дене тәрбиесі пәні бойынша сыныптан тыс жұмыстарды жүргізу арнайы жоспар, бағдарлама бойынша іске асырылуы тиіс, яғни бұл шара мектеп директоры бекіткен, заңды құжаттар болуы қажет. Сондай-ақ оқушының жас ерекшелігі, денсаулығына қарай мүмкіндігі ескерілуі міндетті болып табылады.

Мектептегі дене тәрбиесі бойынша сыныптан тыс жұмыстардың есебін жүргізу, дене тәрбиесі ұжым кеңсесінің жоспарына және мектептің дене тәрбиесі жөніндегі жылдық және жоспарларының орындалуына бақылау жүргізуді жеңілдетеді. Ол арнайы есеп жүргізу құжатында жұмыс істелінген саны мен сапасын көрсету арқылы жүзеге асырылады. Есеп жүргізу жауапкершілігін дене тәрбиесі мұғалімі өз мойнына алады.

Әрбір мектепте бұқаралық дене тәрбиесі мен спорт жұмыстарын тіркеп отыратын “сыныптан тыс жұмыстар есебінің журналы” жүргізілуі қажет. Сыныптан тыс жұмыстардың барлығы негізінен дене тәрбиесі кеңесінің мүшелері, белсенділері тіркеп отырды.

Дене тәрбиесі мұғалімінің міндеті - белсенділерге есеп жүргізуді үйрету және оның жүргізілуін бақылап отыру. Дене тәрбиесі мұғалімі оқу жылы аяғыда директордың қатысуымен өтетін педагогикалық кеңесте немесе мәжілісте сыныптан тыс өткен жұмыстар туралы есеп беріп отырады. Оқу жылы соңында дене тәрбиесі мұғалімі оқу жылы ішінде атқарған жұмыстары жөнінде және он талдап, жетістіктер мен кемшіліктерді көрсетіп келесі оқу жылында істі жақсарту ұсынысын айтып, жоба есеп береді. Дене тәрбиесінің сыныптан тыс жұмыстарын жоспарлау мына құжаттар бойынша жүзеге асырылады:

1. Дене тәрбиесінің сыныптан тыс жұмыс жоспарында ;
2. Бұқаралық спорт жұмыстарының күнтізбелік жоспарында;
3. Дене тәрбиесі ұжымы кеңесінің жұмыс жоспарында;
4. Секция жұмысының оқу жоспарында;

Мектептегі сыныптан тыс жұмыстың есебін жүргізу құжаттары:

1. Сыныптан тыс жұмыстардың есебін жүргізу журналы.
2. Үйірме және секция жұмыстарын жоспарлау және есеп журналы
3. Дене тәрбиесі жетекшісінің күнделігі.
4. Дене тәрбиесі ұжымы жұмысының есебін жүргізу журналы.

Ал енді осы сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыруда басты басшылыққа алатын кейбір мәселелерге тоқталар болсам, адам ағзасының негізгі қызметінің қалыптасып жетілуі баланың жастық шағында, әсіресе мектеп жасында (6-14 жаста) жүзеге асады. Сондықтан осы кезеңде оған әсер ететін факторларды барынша тиімді пайдалану қажет. Сыныптан тыс ұйымдастырылар шаралардың қай-қайсысы да балалардың қалыптасып жетілуіне, санасына, жан-жақты дамуына ықпал ете алатындай болуы шарт.

Мысалы, серуендер мен жорықтарды балалардың табиғат туралы білімдерін толықтыра алатындай, тамаша адамдардың әңгімелерін ести алатындай, денсаулығына пайдалы болатындай жерде белгіленген жөн.

Ал сыныптан тыс денені шынықтырудың жолдарының бірі - олардың өз еркімен дайындалуы. Осыған байланысты оқу бағдарламасына дене тәрбиесінен үйге тапсырма беруді міндетті түрде енгізу керек.

Отбасында өз еркімен орындалатын дене тәрбиесінің бір түрі - таңертеңгілік гигиеналық-бой сергіту жаттығуы. Ол адамның дене құрылысының ұйқыдан соңғы тіршілік қызметіне тез араласуына әсерін тигізіп қана қоймай, адамды сергек жүруге және көңіл-күйін көтеруге көмегін тигізеді. Таңертеңгілік бой сергіту жаттығуы тұлғаны дұрыс қалыптастыруға әсер ете отырып, тыныс алуды

жақсартады, қан айналу жүйесі қызметін күшейтеді, зат алмасуға көмектеседі, оқушылардың зеректігін, мақсатқа жету ұмтылысын қалыптастырады, ақыл-ой қызметін арттырады. Сондай-ақ, «Тән қуаты болса, жан қуаты да ажарлы болады» - деп Жүсіпбек Аймауытов айтқандай, ертеңгілік бой сергіту жаттығулары оқушыларды тәртіптілік пен бейімділікке, өзіне деген сенімділік пен белсенді қызмет атқаруға тәрбиелейді.

Дене тәрбиесіндегі маңызды құралдардың бірі – табиғат факторлары. Күннің көзі, ауа, суға шомылу, душ қабылдау сауықтыру жұмысы кезеңінде пайдалану өте тиімді болады. Сыныптан тыс шаралар кезінде осы мәселерге де баса назар аударып, жоспарлы түрде сауатты жұмыс жүргізіп отыру қажет.

Қорыта келе айтпағым, дене тәрбиесі – қоғамдағы жалпы мәдениеттің бөлігі, адамның дене қабілеттерін дамыту мен денсаулығын нығайтуға бағытталған әлеуметтік қызметтің бір саласы. Оның негізгі міндеттерінің бірі балалар мен жеткіншектердің арасында дене шынықтыру – сауықтыру және спорт жұмыстарын ұйымдастыру болып табылады, өйткені дене тәрбиесінің негізі балалық және жеткіншектік жаста қаланады. Тек қана осы кезеңде дене жаттығуларымен айналысу қажеттілігі қалыптасады, дағдылар мен іскерліктер жинақталады, спортқа қызығушылық қалыптасады. Жастардың жан - жақты дамуын дене тәрбиесінсіз елестету мүмкін емес. Денесі жақсы дамыған деп күн режиміне спортпен жүйелі айналысуды енгізген, ағзаның шынығуы үшін табиғи факторларды тұрақты пайдаланатын, жұмысты белсенді демалыспен кезектестіріп отыратын жас адамды айтамыз.

Адамның салауатты өмір салты қозғалыс белсенділігімен тығыз байланысты екендігі сөзсіз. Табиғат өскелең ұрпаққа қозғалу қажеттілігін сыйлаған деп айтуға болады. Бірақ, қазіргі кезеңдегі адамның бала кезінен қозғалыс белсенділігінің жетіспеушілігі байқалады. Үйде, бала бақша мен мектептерде балалардың қозғалыс мұқтажы өте төмен. Бала денсаулығын сақтаудың алғы шарттарының бірі – қимыл-қозғалыс деңгейі. Адам тіршілігіне ауа, су, тамақ қандай қажет болса, белгілі деңгейдегі қозғалыстың да маңызы сонша. Сондықтан оны өмір сүрудің ең басты шарттарының бірі ретінде есептеу керек. Табиғаттың өзі адамның қолына физиологиялық теңдесі жоқ денсаулық тәсілін беріп отыр, ол- қимыл-қозғалыс, дене жаттығулары. Бәрі де адамның ынтасына, жігеріне, әркімнің өз басының тікелей жауапкершілігіне байланысты. Ал қимыл-қозғалыстың аздығы (гипокенезия) – денсаулықты бұзатын себептердің бірі. Сол себепті де балалар мен жасөспірімдердің ағзаларының (жүрек, қан тамыр, тыныс жүйелерінің және т.б.) функционалдық мүмкіншіліктерін арттыратын, жүйке жүйесі мен тірек-қимыл аппаратына дамыту әсерін беретін және гиподинамиялық өтімділікті алдын алу үшін дене тәрбиесі мен спорт сабақтарында жеткілікті шұғылдану қажет болып саналады.

31.01.2022 ж. № 000064

Жыл құстары. Қыстап қалған құстар

ОРДАБЕК АЙЫМ ОРДАБЕКҚЫЗЫ

Алматы облысы Карасай ауданы Колащы ауылы
ЖШС «Алтын ел-Балапан» балабақшасының тәрбиешісі

Білім саласы : Қатынас

Білім бөлімі: Көркем әдебиет

Мақсаты: Балалардың жыл құстары туралы білімдерін толықтыру, олардың сыртқы бейнесі, тіршілігі, қоректенуі туралы білімдерін толтыру. Құстар туралы көркем сөздерді пайдалана отырып сөздік қорын молайту. Ойын арқылы баланың есте сақтау қабілетін дамыту, табиғатты сүйе, құстарды қорғауға, құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.

Әдіс – тәсілдері: Сұрақ – жауап, түсіндіру, көрсету.

Көрнекілігі: Суреттер, математикалық пішіндер, текше

Іс- әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс – әрекеті	Балалардың іс – әрекеті.
Біртандыру Шаттық шеңбері Сұрақ – жауап 	Шаттық шеңбер Қуанамын мен де, Қуанасың сен де. Қуанайық бәріміз, Арайланып атқан күнге - Көңіл – күйіміз қалай? - Бір жылда неше мезгіл бар? - Қазір жылдың қай мезгілі? - Күз мезгілін айтайықшы. - Күз мезгіліндегі ерекшеліктерді білесіңдер ме? - Біз қай Республикада тұрамыз? - Қай қалада тұрамыз? - Біздің елбасымыз кім? - Бір аптада неше күн бар? - Атаңдаршы - Жарайсыңдар, балалар	Балалар шаттық шеңберге тұрады. Тақпақты айтады. Керемет Тамаша Балалар сұрақтарға толық

Ұйымдастырылған ашық оқу – қызметі. 	- Балалар, бүгін біз оқу қызметімізді бастаймыз. Тақырыбымыз «Жыл құстары». Суреттерді көрсетет отырып жыл құстарына түсінік береміз. Балалар жыл құстарына қарға, шымшық, қараторғай, сауысқан, тоқылдақ. Балалар құстардың бізге пайдасы өте көп. Құстардың барлығы жем тауып жеуге бейімделген. Неге осы құстар жылы жаққа қайтпай қыстап қалады, өйткені бұлар суыққа төзімді. - Балалар құстар бізге керек пе? - Дұрыс айтасындар, құстар болмаса біздің өмір сүруіміз қиындар еді. Құстар бау – бақшадағы, ормандағы зиянды жәндіктермен күреседі. Құстар құрт – құмырсқалармен қоректенеді, ағаштардың жайқалып өсуіне қамқорлық жасайды.	жауап береді Балалар мұқият тыңдайды. Ия
Таңқалдыру сәті Тіл ширату	Балалар жыл құстары суыққа өте төзімді болады - Түсінікті ме? - Балалар қараңдаршы бізге қоян келіпті, оның қолында хаты бар екен. Хатта не жазғанын білгілерің келе ме? - Онда былай деп жазылыпты: «Биыл қыс өте қатты боранды болады. Құстарға жем табу өте қиын болғалы тұр. Оларға қамқорлық жасасандар өте дұрыс болар еді» - Ой, рахмет. Қоян сен бізге сенім артқаныңа. Қоян бізге осындай хабарды жеткізгенің үшін қоянға сәбіз берейік. - Қоян нені жақсы көреді?	Балалар таңырқап қарайды Ия Сәбіз Қатты Қырт – қырт Қызыл Қоянмен қоштасады

Сергіту сәті Дидактикалық ойын	- Сәбіз қатты ма жұмсақ па? - Сәбізді қалай жейміз? - Сәбіздің түсі қандай? - Балалар сендерге көп рахмет. Мен сәбізімді алып қайтайын. - Балалар құстарға ұя жасап, жем шашайық. - Олай болса менің қолымдағы пішіндермен ұя жасайық.  Тақпақ айту. Нан қиқымын шашпаймыз, Жерде жатса баспайммыз. Теріп алып қастерлеп, Торғайларға тастаймыз.  Сергіту сәтін жасаймыз. Қимыл қозғалыспен (музыка) Балалар сергіп қалдық па, жарайсыңдар. - Балалар мен сендердің білімдерінді тексере отырып «Текше» ойынын ойнатқым келіп тұр.	Пішіндермен ұя жасайды. Тақпақты толық айтады. Нан береді Қимыл қозғалыс жасайды. Балалар ойынға белсене қатысады
--	--	---

	Мұнда құстардың суретітүскен құсқа толық мағлұмат беру.	
Қорыту	- Балалар бүгінгі оқу қызметі жыл құстары сендерге ұнады ма? - Жарайсыңдар. - Балалар сендердің белсене қаиысқандарың, сұраққа толық жауап бергендерің маған қатты ұнады. - Олай болса қонақтармен қоштасайықшы.	Ия
Бағалау	Мақтау, мадақтау. Балаларға сыйлық беру.	өте қатты ұнады Балалар мәз болады Балалар қуанады
	Тәрбиеші: жылы ұшпайтын Біздің жақта қыстайтын Құстар жүрсе жуықта, Жем шашуды ұмытпа Бәріңізге рахмет, сау болыңыздар	Балалар қол бұлғайды.

Нені білу керек: Дұрыс сөйлеу мәнерін, сөздерді байланыстырып сөйлеуді.

Балалардың құстардың атауын, пайдасын, оларды күтіп баптауды.

Нені игереді: Дидактикалық ойын арқылы жыл құстарын игерді.

Нені біледі: Пішін құрастыру әдісін меңгерді

31.01.2022 ж. № 000065

Дене тәрбиесі - салауатты өмір негізі

ТАБЫЛҒАН САҒАДАТ ҚАЙРАТУЛЫ

Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы №23 жалпы білім беру орта мектебінің дене шынықтыру пәні мұғалімі

Біздің бақытымыздың оннан тоғызы денсаулыққа байланысты. А.Шопенгауер

Бүкіл әлемдегі дәрігерлер мен педагогтар әлдеқашан ортақ пікірге келген еді: ұлт денсаулығын сақтап қалу үшін барлық күш жігерді біріктіру және оны балалар денсаулығын қорғауға бағыттау қажет.

XXI ғасыр—ақпараттардың аса молдығы бойынша бұрын-соңды болмаған ғасыр. Біз балаларға денсаулықты сақтау, түрлі аурулардың алдын-алу, салауатты өмір салты туралы көп айтып жүрміз. Ал, бұл мәселелерді шешу балалар денсаулығын сақтау, оның ішінде дене тәрбиесі, психологиялық тұрақтылықты арттыру, орынды тамақтану және көптеген басқа мәселелер бойынша маңызды жұмыстарды қажет етеді. Мектеп мұғалімінің алдында оқушыларға білім берумен қатар олардың дені сау, дене бітімінің дұрыс жетілуін қадағалау міндеті тұр. Бүгінгі алдымызда отырған оқушы -ертеңгі еліміздің экономикалық қуатын, мәдени және рухани байлығын жақсартуға ықпал ететін жеке тұлға.

Дене тәрбиесі тек мектептегі дене шынықтыру сабағы ғана емес, ол сабақтан тыс, мектептен де тыс денсаулыққа байланысты шаралар жүйесі. Қазіргі кезеңдегі білім беру орындарындағы дене тәрбиесінің жүйесі жастардың денсаулықтарын нығайтумен қоса, тұлға бойындағы биологиялық-психологиялық қажеттіліктердің жан-жақты жетілуіне, өмірге деген белсенділігі мен ізгілікті қатынастарын дамытуға бағытталған.

Дене тәрбиесі-өсіп келе жатқан жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру саласының бір тармағы болып табылады. Жеке тұлғаның жан-жақты дамуына, күшті де қуатты болып өсуіне, ұзақ уақыт шығармашылық еңбекке жарамды адамды қалыптастыруға, оны Отан сүйгіштікке дайындауға қызмет етеді. Дене тәрбиесін ұйымдастыру түрлері оқушының өз бетінше ұйымдастырылған жұмыстарымен толықтырылған жағдайда нәтижелі болады. Оқушының күнделікті қозғалыс тәртібін толықтыруға арналған жұмыс түрлері дене тәрбиесі жүйесінің элементтері есебінде болды:

- Таңертеңгі гимнастикалық жаттығулар. Күнде таңертеңгілік 9-10 жаттығудан тұратын кешен. Бұл оқушылардың орталық нерв жүйесін қалыпқа келтіріп, оқушы ағзасын сергітеді.
- Мектепке дейінгі және үйге қайтар жолдағы серуен. Таза ауада жаяу жүрудің өзі шынығу, сауықтыру әсерін тигізеді.
- Оқу сабақтарына дейінгі жаттығу. Сабақтағы нәтижелі іс-әрекет пен оқу күнін белсенді бастауға мүмкіндік туғызады.
- Дене тәрбиесі сабақтары. Бұл сабақтар мазмұны мемлекеттік талап пен оқу бағдарламасына сәйкес белгіленіп, оқушылардың күші мен жылдамдығын, ептілігі мен шыдамдылығын, ерік-жігерін, батылдық пен табандылықты және тез шешім қабылдау секілді тәрбиелік қасиеттерді дамытады.
- Сабақ үстінде сергіту минуттары. Ой еңбегі барысында ағзаның тынығуына әсерін тигізеді.
- Үлкен үзіліс кезіндегі дене жаттығулары мен қозғалмалы ойындар. Оқу күні ортасында оқушылардың белсенді демалысын қамтамасыз етеді.
- Спорттық үйірмелер, ұйымдар мен топтардағы жұмыс. Белгіленген спорт саласы бойынша оқушының жалпы және арнайы дайындығын көрсетіп, дене жаттығуларымен жүйелі айналысуды қамтамасыз етеді.
- Жалпы мектепшілік спорттық бұқаралық шаралар. Бұл жұмыс түріне денсаулық және спорт айлықтары, спорттық мерекелер, жалпы мектепшілік сайыстар жатады.

Бұл шаралар барлық оқушының спорт пен дене тәрбиесі жаттығуларына қызығушылығын туғызып, салауатты өмір салтының негізін қалайды.

- Өз бетінше дене жаттығуларымен айналысу. Бұл жұмыс түрі қозғалыс тәртібінің маңызды бөлігі. Кей жағдайда ең тиімді әдіс болып есептелінеді, себебі оқушының жеке тұлғалық қызығушылықтары мен қабілетіне, сұранысына сәйкес ұйымдастырылған жұмыс өз нәтижесін береді.

Денсаулық-байлық қана емес, ол адам бақытының бастауы, тіршілік көзі. Ұлы ақын Абай данамызда «Денсаулық- терең бақыт»деген.

Ғылым мен техниканың күн санап қарыштап дамуы, экологиялық зардаптардың белең алуы, ой еңбегі мен дене еңбегінің ара қатынасының алшақтауы, әр-түрлі зиянды әдеттердің (шылым шегу, алкоголь ішімдігі, есірткі пайдалану т.б) пайда болуы секілді құбылыстарға қарсы, салауатты өмір салтын қалыптастыратын тегеурінді күш иесі-спорт. Спортпен шұғылданған баланың денсаулығы мықты, өзі әлді, төзімді, икемді, әрі нәтижелі болады. Еліміздің келешегін жалғастыратын жігерлі, білімді азамат болып шығады.

Салауатты өмір салтының насихатталуы, ауыл мектебіндегі спорттың өсуі, одан әрі өркендеуі, әлемдік деңгейге жетуі, кейінгі жастар үшін үлгі-өнеге болатыны үлкен дәлел.

01.02.2022 ж. № 000068

**Рефлекстік доға: рецептор, сезгіш, аралық,
қозғалтқыш нейрондар, жұмысшы мүше**


СЕРМАНИЗОВА АЙЖАН КАЙМАХАНОВНА

*Түркістан облысы Жетісай ауданы Асықата кенті
"№12 жалпы орта мектебі" коммуналдық
мемлекеттік мекемесінің биология пәні мұғалімі*

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі: Координация және реттелу	Мектеп:	
Күні:	Мұғалімнің аты – жөні:	
Сынып: 7	Қатысқан оқушылар саны:	Қатыспағандар:0
Сабақтың тақырыбы:	Рефлекстік доға: рецептор, сезгіш, аралық, қозғалтқыш нейрондар, жұмысшы мүше. Жаңа сабақты түсіндіру.	
Осы сабақ арқылы жүзеге асырылатын оқу мақсаттары:	7.1.7.5 рефлекторлық доғаны зерттеу.	
Сабақтың нәтижелері:	✓ Рефлекс ұғымымен таныстыру. ✓ Рефлекстік доғаның стандартты сызбасымен танысу. ✓ Зертханалық жұмыс орындай отырып, рефлекторлық доғаны зерттеу.	
Бағалау критерийлері:	• Рефлекс ұғымын түсінеді. • Рефлекстік доғаның сызбасын біледі. • Зертханалық жұмыс жасау арқылы рефлекторлық доғаны зерттей алады.	

Тілдік қасаттар:	Пәнге қатысты лексика мен терминология: Рефлекс – рефлекс – reflex Рефлекстік доға- рефлексорная дуга - Reflex arc Сезімтал нейрон – чувствительный нейрон - Sensitive neuron Аралық нейрон – вставочный нейрон - Intercalary neuron Қозғалтқыш нейрон – двигательный нейрон - Motor neuron Эффлектор – эффлектор – Effector Жүйке орталығы- нервный центр - nerve center Рецептор – Рецептор – Receptor	
Құндылықтарды дарыту:	Р.Декарт, И.М. Сеченов, И.П. Павлов еңбектерін айту.	
Пәнаралық байланыс:	Пәнаралық байланыс жүзеге асады: АҚТ- презентация, интербелсенді тақта, ноутбуктар.	
Алдыңғы білім	Жүйке жүйесінің қызметі мен маңызы. Орталық жүйке жүйесінің бөлімдерінің құрылысы мен қызметі.	
Сабақтың барысы:		
Сабақ кезеңдері:	Сабақта орындалуы тиіс іс - әрекеттер	Ресурстар
Сабақтың басы: 0 – 3 минут	I. Ұйымдастыру кезеңі. (оқушылармен амандасу 3 тілде, сабақтың мақсаты және тақырыбымен таныстыру. Жағымды оқу атмосферасын қалыптастыру).	
2-4 минут	II. Белсендіру сәті: «Мнемоника» әдісі арқылы оқушылардың есте сақтау қабылетін тексеріп, жаңа сабағымызға қатысты терминдермен таныстыру. Жүйке жүйесі, нейрон, рецептор, стимул, эффлектор, сенсорлық нейрон, қимыл нейроны, қондырма нейрон, синапс, автономдық жүйке жүйесі, орталық жүйке жүйесі, ми, жұлын, ынталандырғыш, депрессант, жүйке импульсі	

Сабақтың ортасы 4 - 9 минут 10 – 20 минут 21 – 30 минут	Рефлекторлық әрекеттердің мысалдарын келтіру (мысалы: ыстық заттан (свеча) қолды тартып алу арқылы сабақтың тақырыбын, мақсатын ашу. III. Бейнефильмдер көріп, талдау: Оқушылар рефлекторлық доғаның стандартты сызбасымен танысады: рецептормен, сезімтал нейронмен, қыстырма/аралық нейронмен, қимыл нейрон және жауап қайтарушы мүше. Бейнефильмнен көргенімізді пысықтау «Даналыққа толы сандық» IV. Мұғалімнің сабақты түсіндіруі. Жүйке тітіркеністерінің қабылдағыштан атқарушы ағзаға дейінгі өтетін барлық жолы- «рефлекс (рефлекторлық) доғасы» деп аталады.  Презентациямен рефлекстік доғаны қысқаша қорытындылау. Құрылымы мен қызметіне қарай нейрондар 3 топқа бөлінеді: сезгіш (қозу шеткі мүшелерден орталық жүйке жүйесіне өтеді); байланыстырғыш - қозуды сезгіш нейрондардан қозғалтқыш нейрондарға өткізеді; қозғалтқыш - қозуды орталық жүйке жүйесінен бұлшықеттер мен ішкі мүшелерге өткізеді.	Презентация Рефлекстердің маңызы: http://bilimland.kz/kk/home#lesson=12688 Рефлекторлық доға http://bilimland.kz/kk/home#lesson=12688
--	---	--

31-37минут	V. Қалыптастырушы бағалау жұмысы VI.зертханалық жұмыс жасау « Тізе рефлексін зерттеу». Мақсаты: тізені бақылап,көру Құрал-жабдықтар: резеңке балға. Жұмыс барысы. Бір оқушы орындыққа аяғын бірінің үстіне бірін қойып, яғни аяғын айқастырып отырады. Екінші оқушы резеңке балғамен немесе алақанның қырымен тізенің төменгі бөлігін жайлап ұрады. Осы кезде сіңір жалғамасында пайда болған қозу санның алдыңғы қабырғасының бұлшық етіне беріледі де, аяқ тізе буынынан бүгіліп, алға жоғары қарай тебіледі. Бүгілу сезімтал және қозғалтқыш нейрондар есебінен болады, сондықтан тізе рефлексі деп аталады. Зертханалық жұмыс орындай отырып, оқушылар рефлекторлық доғаны зерттейді.  Тізе рефлексі бойынша рефлекторлық доғаның компоненттерін анықтайды. 	Қалыптастырушы бағалау жұмысы
Сабақтың соңы 37- 40 минут	VII. Рефлексия:Сабақта алған қай білімді өзімен бірге аламын?	Стикерлер



Сабақта алған ақпараттың қайсысын әлде де ойлау керекпін?



Сыныпта нені қалдырамын?



Мұғалімнің рефлексиясы.

VIII. Үйге тапсырма: Жаңа сөздерді жазып, анықтама беріңдер.

01.02.2022 ж. № 000069

Сауда тарихы

АЛИМБАЕВ ФАХРИДДИН АХМАТКУЛОВИЧ

Түркістан облысы Сайрам ауданы Манкент ауылы

«Ибрагим ата» атындағы жалпы орта мектебінің оқу

істері бойынша директордың орынбасары, тарих пәні мұғалімі

Бөлім атауы Сауда жасай білесің бе?	
Күні: Ашық сабақ	
Сынып: 8	
Сабақтың тақырыбы	Сауда тарихы
Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары	Т4. Орта көлемді прозалық, драмалық және поэзиялық шығармалардан үзінді тыңдау, тақырыбы мен идеясын талдау.
Сабақтың мақсаттары	Әңгімені талдау Қазақстан қалаларының даму тарихы, олардың қазақ халқының саяси, экономикалық, сауда-саттық өміріндегі алатын орны, сауда қатынастарының даму ерекшеліктері туралы түсінік қалыптастыру; Сауданың мәнін ,жәрменкелердің орналасқанын,сауда байланысының қалай өрбігенін білуді. Суреттер,фото суреттер,карталар сияқты дереккөздермен жұмыс істеуді.
Бағалау критерийлері	Тақырыбын анықтайды; Талдау жасайды Қазіргі сауда нүктелерімен салыстырып,саралап өмірдегі сауданың мәнін ұғындыратын сыни ойлауды үйренеді Негізгі дереккөздерді бағалауды және кері байланыс орнатуды біледі.

Тілдік мақсаттар	Пән лексикасы және терминология: Мал табу, тіленшік, таң қалу, дүкен иесі т.б. Жазылым:терминмен жұмыс . Оқылым:Мәтінмен жұмыс. Тыңдалым:Оқушылардың өзіндік жұмыстарын тыңдау. Айтылым:Постер қорғау Негізгі идеялар:сауда капиталы, ішкі нарық, сауда айналымы, айырбас сауда, алым-салық, негізгі сауда орындары, тауар, ақша баламасы, сауданың отаршылдық сипаты, жәрмеңкелердің әлеуметтік мәдени қызметі. Сыныптағы диалог\жазылым үшін пайдалы тілдік бірліктер: Сауда, жәрмеңкелер, банктер. Талқылауға арналған тармақтар: реформа , ережелер, себептері
Құндылықтар	Өзгенің пікірін құрметтеу - жұптық және топтық жұмыстар орындау барысында өзіне және айналадағы адамдарға дегені құрмет; - топтық жұмыстарды орындау барысындағы ынтымақтастық; - өз пікірін білдіру барысындағы ашықтық; топтық жұмыстар, кретаивті шығармашылық ізденістер барысындағы еңбек және шығармашылық;
Пәнаралық байланыс	Әдебиет
Осыған дейін меңгерілген білім	Тақырып туралы өмір тәжірибесіне сүйену, оқушыларға көмек беруде ерекшеліктерін ескеру, алынған білімді практикада қолдануды ұйымдастыру. Көпіршелер арқылы пысықтау.
Жоспар	
Жоспарланатын уақыт	Жоспар бойынша орындалуы тиіс іс-әрекеттер

Сабақтың басы 5 мин	Оқушылар суреттерді өзара байланыстырып, бөлімнің жалпы тақырыбы аясында алты сөйлемнен тұратын әңгіме құрастырады. Бір-бірінің жауаптарын тыңдап, тақырыпты болжайды. Оқу мақсатымен танысады. Шығарманың түпнұсқасымен танысқаннан кейін өз жауаптарын салыстырады. Оқушылар берілген сурет бойынша сабақтың тақырыбын болжайды. Оқу мақсатымен танысады.
Сабақтың ортасы 5 мин 15 мин	Топтық жұмыс Тыңдалым алдындағы тапсырма Мағынасы күрделі көркемдегіш құралдар мен тұрақты тіркестер, пассив сөздерінің тізбегін құрып, оқылымалды кезеңінде сөздік жұмысты «Екі жақты күнделік» әдісі арқылы жүргізіледі. Сөз/тіркес Мағынасы Тыңдалым тапсырмасы Оқушылар шығарманы абзац бойынша үзіп тыңдап, түсінгенін өз сөзімен қысқаша топ ішінде мазмұндайды. Шығармадағы автордың ойы мен көтерілген мәселені анықтап, алған әсерімен бөліседі. Маған ұнағаны... Мен үшін ерекше әсер еткен... Менің көңілімнен шықпағаны... Менің оқырмандарға берер кеңесім... Тыңдалымнан кейінгі тапсырма Шығарманың идеясын заманауи оқырманға жеткізу үшін қандай өзгеріс енгізер едіңіз? Оқушылар шығарманың идеясын, көтерілген мәселені сақтай отырып, сюжетіне өзгеріс енгізу арқылы жеке шығармашылық жұмыс ұсынуы тиіс. Жанрын таңдау бойынша еркіндік беріп, шектеу қоймаған дұрыс

10 мин	Жұптық жұмыс №1 тапсырма. Оқулықпен жұмыс. 1. Мәтінді оқып шығып, картадан Қазақстанның солтүстік- батысындағы қалалар мен XVIII ғасырда салынған қалаларды көрсетіндер. 2. Қаланың қысқаша тарихын мына жоспар бойынша жазыңдар: - Қаланың салыну тарихы - Орналасқан жері - Қалалықтардың кәсібі №2 тапсырма. Оқулықпен жұмыс 1. Мәтінді оқып шығып, XIX ғасырдың 1- жатрысында әскери бекініс ретінде салынған қалаларды картадан көсетіндер. 2. Қаланың қысқаша тарихын мына жоспар бойынша жазыңдар: - Қаланың салыну тарихы - Орналасқан жері - Қалалықтардың кәсібі №3 тапсырма: Оқулықпен жұмыс 1. Мәтінді оқып шығып, Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан қалалары мен шаруаларды қоныс аулару кезінде салынған қалаларды картадан көрсетіндер. 2. Қаланың қысқаша тарихын мына жоспар бойынша жазыңдар: ✓ Қаланың салыну тарихы
--------	--

✓ Орналасқан жері

✓ Қалалықтардың кәсібі


Оқушылардың жұмыс нәтижелерін талқылағаннан кейін төмендегідей сұрақ қоюға болады:

✓ Сендер өз қалаларыңның салынуы туралы не білесіңдер?

Жеке/жұптық жұмыс

Мұғалім “Кубизм” стратегиясына негізделген дифференциацияланған тапсырмаларды ұсынады, оқушылар берілген картаны қолданады.

1. Суреттеу – түрі, түсі, формасы, көлемі, портреті.
2. Салыстыру – ұқсастығы, ерекшелігі, немен айналысуға болатындығы.
3. Талдау – қалай істелінген, неден жасалған, ненің нәтижесінде, зертте, не болуы мүмкін.
4. Таңдау – не туралы ойлануға жетелейді, талқылау немесе қарсы пікір айту.
5. Қолдану – бұдан не істеуге болады, қолданысы, қалай, қайда қолдануға болады.
6. Бағалау – оймен байланыстыру, жақсы-жаман жағы, мүмкін болатын жағдайлары, бірнеше себептері, келісу не қарсышығу



	Жұмыс нәтижелері сынып алдында таныстырылып, жауаптар толықтырылады. Оқушылар айтылған ойларды төмендегі жағдаятқа дайындалғанда қолданады. <i>Жағдаят:</i> Сіз көне дәуір сатушысыз «Уақыт машинасы» арқасында ХХІ ғасырға түстіңіз. Заманауи сауда-саттық саласын зерттедіңіз. <i>Тапсырма:</i> Көне және қазіргі сауда ерекшеліктері мен кемшіліктерін салыстырып талдаңыз, ұсыныс білдіріңіз. Жауаптар «Екі жұлдыз, бір тілек» тәсілі арқылы бағаланады. Топтар бірін-бірі бағалайды Жеке жұмыс Бүгінгі тақырыпта нені білдік Сауда-ол Жәрмеңкелер қандай—олар; Сауданың түрлері- Саудагер-бизнесмен Саудагер болу тек өз пайдасын ойлаушы ма?қазіргі бизнес саласында жүргендер қайырымдылық қоры туралы біле ме?
Сабақтың соңы 5 мин	«Ағаштар» Жемісім... Сұрақтарым/ұсыныстарым... Түсінбегенім ... сөздерді жаттау Үйге тапсырма: жаңа
Қосымша ақпарат	
Дифференциация – Сіз оқушыларға көбірек қолдау көрсету үшін не істейсіз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай тапсырма беруді көздеп отырсыз?	

Ойлану Сабақ мақсаттары/оқу мақсаттары жүзеге асырымды болды ма? Бүгін оқушылар нені үйренді? Сыныптағы оқу атмосферасы қандай болды? Дифференциацияны жүзеге асыру қолымнан келді ме? Мен жоспарланған уақытымды ұстандым ба? Мен жоспарыма қандай өзгерістер енгіздім және неліктен?	Төменде берілген бөлімді осы сабақ туралы ойларыңызды жазу үшін пайдаланыңыз. Сол жақ бағанда берілген сабағыңызға қатысты ең маңызды сұрақтарға жауап беріңіз.
Жалпы баға Сәтті өткен екі нәрсені атап көрсетіңіз (сабақ беру және оқытуға қатысты)? 1: 2: Қандай екі нәрсе сабақтың одан да жақсы өтуіне ықпалын тигізер еді (сабақ беру және оқытуға қатысты)? 1: 2: Осы сабақ барысында сынып немесе жеке оқушылар туралы менің келесі сабағыма дайындалу үшін қажет болуы мүмкін қандай ақпарат алдым?	

01.02.2022 ж. № 000070


17X5, 84:4 түріндегі кестеден тыс ауызша көбейту және бөлу

БОЛАТБАЕВА ЖУЛДЫЗ ЧОКАНОВНА

Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы №18 жалпы білім беретін мектебінің бастауыш сынып мұғалімі

Педагогтің аты-жөні		Болатбаева Жулдыз Чокановна		
Күні:				
Сынып:		Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы		17X5,84:4 түріндегі кестеден тыс ауызша көбейту және бөлу		
Оқубағдарламасына-сәйкес оқыту мақсаттары		3.1.2.7. кестеден тыс мынадай жағдайларда: 17·5, 96:6, 75:15, 84:4 ауызша көбейту және бөлуді орындау. 3.1.2.9.100 көлеміндегі сандарды ауызша көбейту және бөлуді орындауда қосындыны және көбейтіндіні бір таңбалы санға бөлу, қосындыны санға көбейту ережесін қолдану. 3.2.1.3. көбейтудің үлестірімділік және терімділік қасиеттерін әріптік теңдік түрінде: (ab)c=a(bc); a(b+c) =ab+ac; a(b-c) =ab-ac көрсету және қолдану. 3.2.1.5. сандық өрнектерді салыстыру (Зарифметикалық амалдан тұратын).		
Сабақтың барысы.				
Сабақтың кезең уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Басы	Психологиялық ахуал қалыптастыру. ҚАМАЛДЫ ҚОРҒА - ОЙЫНЫ Ойнаушылар үлкен шеңбердің қатарына тұрады. Шеңбердің ортасына «Қамал», яғни мосы немесе орындық қояды да,	Психологиялық ахуалға берілген тақпақтарды дауыстап айтып, тілді жаттықтыру	ҚБ: Балмұздықтар арқылы бір-бірін бағалау.	Психологиялық ахуал. Алдыңғы білімді еске түсіру тапсырмалары.

	бір ойыншы қорғаушы болады. Шеңбер бойында тұрған ойыншылар доппен қамалды атқылай бастайды, ал қорғаушы болса допты қамалға тигізбеуге тырысады. Кімде кім допты қамалға (орындыққа) тигізсе, сол бала қорғаушымен орнын алмастырады. Ойын осылайша жалғаса береді. Жұмыс ережесін келісу ☞ Сабақта бір-бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз! ☞ Уақытты үнемдейміз! ☞ Нақты, дәл жауап береміз! ☞ Сабақта өзіміздің шапшаңдығымызды, тапқырлығымызды көрсетеміз! ☞ Сабаққа белсене қатысып, жақсы баға аламыз!	және жаңа сабаққа назар аудару. Оқушыл ар сұраққа жауап береді, жұмысты берілген түріне қарай орындайды.		
--	--	--	---	--

	Алдыңғы білімді еске түсіру (ұжымда)			
Сабақтың ортасы	Ширату тапсырмасы. Жаңаны ашу. Жаңаны ашу үшін алгоритм құру бойынша жұмыс жасайды. Бұл үшін №2 тапсырманың жазылуында түрлі түсті бағдарлар берілген. $17 \cdot 5 = (10 + 7) \cdot 5 = 10 \cdot 5 + 7 \cdot 5 = 50 + 35 = 85$  Топ бойынша оқушыларға қадамдарды ретімен орындауға тапсырма беруге болады: 1. Санды разрядтық қосылғыштарға жікте. 2. Әрбір қосылғышты санға көбейт.	Жұмыс дәптерін дегі жазылым тапсырмаларын орындау Жұмыс дәптері ндегі жазылым тапсырмаларын орындау	ҚБ: Отшашу арқылы бір-бірін бағалау.  ҚБ: Бағдаршам көздері арқылы бір-бірін бағалау. 	Оқылым, жазылым тапсырмалары.

	3. Шыққан нәтижелерді қос. Бұл сабақта тексеру жүргізудің қажеті жоқ, себебі кері амал әлі өтілмеген. Түсіндіре отырып алғашқы бекіту. №3 тапсырмада мысалдардың бір бөлігін түсінік бере отырып орындау керек. Түсінік беру үшін үлгі-алгоритмді қолдануға болады: Формативті бағалауға арналған дәптерден өздік жұмыс. Түсіндіре отырып есептеу ұсынылады. Балаларға өзін-өзі тексеру үшін үлгі беріледі: $28 \cdot 4 = (20 + 8) \cdot 4 = 20 \cdot 4 + 8 \cdot 4 = 80 + 32 = 112$ $45 \cdot 9 = (40 + 5) \cdot 9 = 40 \cdot 9 + 5 \cdot 9 = 360 + 45 = 405$ $69 : 3 = (60 + 9) : 3 = 60 : 3 + 9 : 3 = 20 + 3 = 23$ $77 : 7 = (70 + 7) : 7 = 70 : 7 + 7 : 7 = 10 + 1 = 11$ Жетістік критерийлері ұсынылады: Мен:			
--	---	--	--	--

	❑ Кестеден тыс ауызша көбейту мен бөлуді орындаймын. Қосындыны бір таңбалы санға көбейту мен бөлу ережесін қолданамын.			
Соңы	Жаңа білім мен тәжірибені қолдану 	Сабақты пысықтау тапсырмаларын орындау	ҚБ: Жұлдыздар арқылы бір-бірін бағалау. 	Топтық тапсырмалар.
Кері байланыс	Рефлексия (жеке, жұпта, топта, ұжымда) Оқушыларға «Білім сандығы» кері байланыс парағы таратылады. Оқушылар өздері белгілейді. 	Оқушыларға «Білім сандығы» кері байланыс парағы таратылады. Оқушылар өздері белгілейді.	«Білім сандығы»	Кері байланыс парағы.

01.02.2022 ж. № 000072

Өсімдік әлемі мен жануарлар дүниесін қорғау

УМАРОВА ЮЛДУЗХАН ИСЛАМБЕКОВНА

*Шымкент қаласы С.Көбеев атындағы №56 жалпы
орта мектебінің география және тарих пәні мұғалімі*

САБАҚ: география	Мектеп:
Күні:	Мұғалімнің аты-жөні:
Сынып: 8	Қатысқан оқушылар саны: Қатыспағандар:
Сабақтың тақырыбы	Өсімдік әлемі мен жануарлар дүниесін қорғау
Сабақтың түрі	Жаңа тақырып
Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары	8.3.4.5 өсімдік әлемі мен жануарлар дүниесін қорғау қажеттілігін дәлелдейді, қорғау жолдарын ұсынады
Сабақтың мақсаттары	Барлық оқушылар: Тақырыпты иллюстрациялар арқылы болжайды; Өсімдіктер дүниесін қорғау жайлы түсініктерін кеңейту Көптеген оқушылар: Өсімдік, жануар туралы ой - өрісін кеңейтіп, олардың сабаққа деген қызығушылықтарының, белсенділіктерін дамытады Кейбір оқушылар: Болжауына дәлел келтіреді, талдайды.дәлелдейді;
Бағалау критерийлері	Тыңдалым, айтылым мақсаты бойынша: тақырыпты болжау барысында өз ойын дәлелдейді; тірек сөздерді түрлендіреді. Әдеби тілдік норма бойынша: Тапсырмаларды орындауда түрлендіре қолданады; Әр тақырыптың қызыметін ажыратады және дұрыс қолданады.
Тілдік міндеттер	Тақырыпқа байланысты тірек сөздер: үй жануарлары, түз тағысы, жыртқыш, төл атаулары - абылай, алан, бөлтірік, марғау, көгілдір, баршын,

	кұралай, еңлік, т.б. Диалог және жазылым үшін қажетті сөз тіркестер: менің ойымша..., мен бұл пікірмен келісемін / келіспеймін	
Осыған дейін меңгерілген білім	Жануарлардың өмір сүру ортасы	
Жоспар		
Жоспарланатын уақыт	Жоспар бойынша орындалуы тиіс іс-әрекеттер	Дереккөздер
Сабақтың басы 5 минут	Қызығушылықты ояту Сәлемдесу, сабаққа дайындық. Бейнематериал тамашалау. (2 мин 30 сек) - Ал сіздер қаншалықты жануарларды жақсы білесіздер? (5-6жұмбақ шешу) Сабақтың тақырыбын болжау. Сабақтың мақсаттары мен бағалау критерийлерімен танысу.	
Сабақтың ортасы	Мағынаны тану Тыңдалымалды тапсырмасы: Берілген жануарлардың, аңдардың, құстардың төлдерінің суреттері, тірек сөздер бойынша тыңдалым тақырыбына болжам жасату.   Өсімдік - тіршілік тірегі. Өсімдіктер жылына ауа қабатына 400 млн. тонна оттегін бөліп шығарады. Жылына бір адам тыныс алу үшін 173 мың литр оттегін қабылдайтыны анықталған. Өсімдіктер ауада	Мәтін тақырыбы: «Жануарлар мен аңдардың төл атаулары»

30 минут	ауру тудыратын бактерияларды жоятын ерекше зат бөліп шығарады. Сонымен бірге жануарлар үшін қорек, баспана. Ал адам тағам, үй, жиһаз, ауырғанда ем ретінде пайдаланады. Адамның түрлі іс - әрекеттері өсімдікке әсер етеді. Тікелей әсері - орманды кесу. Кешенді әсері - ауылшаруашылық зиянкестерімен күресу үшін егістіктерді, бау - бақшаны, егістіктерді жояды. Ойланбай істелетін іс - әрекеттері - шаруашылық саласында, демалыс кездерінде байқамай өрт шығып, өсімдіктерге зардабын тигізеді. Бұл өрттің 70%- зы отты дұрыс пайдаланбаудың салдарынан болған. Қазақстанның қызыл кітабына енген өсімдіктер, оларды сақтау туралы айтып өту. Мұның себебі неде? Неліктен көптеген өсімдік пен жануарлар Қызыл кітанқа енгізілген? Біз құрып бара жатқан өсімдіктерді білеміз. Оларды қорғаймыз және күтеміз. Біз оларды ермек үшін емес, қажет болған кезде ғана жұламыз. Дәріханаға апарып берсек, одан тамаша дәрі жасалады. Көгалда, орманда көптеген дәрілік өсімдіктер өседі, сонымен қатар улы, адам өміріне қауіпті өсімдіктер де бар. Жалбыз, қырықбуын, итмұрын сияқты пайдалы өсімдіктер түрлі ауруларға ем. Өсімдіктердің жақсы, жайқалып өсуі топыраққада байланысты болады. <u>1-сұрақ</u> Нитрат-өсімдіктің өсуін, жасыл массасының ұлғаюын қамтамасыз етеді. Табиғатта топырақ құрамында нитрат өте аз болады. Егер топырақта нитрат көп болса тамыр арқылы көтерілген нитраттар өсімдіктің	PISA тапсырмалары Интернет мәліметі: http://www.orl.eu-almobl.kz/
----------	--	---

	кез-келген бөлігінде жинақталады. Төменде берілгеннің қайсысы топырақтағы нитраттың көбеюінің басты себебі болып табылады? А. Топыраққа азот тыңайтқышының енгізілуінен В. Топыраққа органикалық тыңайтқыштардың енгізілуінен С. Мелиорация шаралары дұрыс жүргізілмеуінен Д. Топыраққа әк енгізілу салдарынан Жауабы: А <u>2-сұрақ</u> Аз мөлшердегі нитрат адам ағзасында әрдайым болады. Нитраттар ағзаға көптеп түскен кезде олар нитритке айнала бастайды, содан кейін қанға түскен кезде метгемоглобинемия (оттегі жетіспеушілік) тудырады, А витаминін бұзады, қалқанша безінің, жүректің, жүйке жүйесінің қызметін бұзады. Ағзадағы нитраттар мен нитриттер біртіндеп канцерогенді затқа айналады. Адам ағзасына нитраттың көптеп жүйелі түсуі аурулардың қайсысының пайда болу қаупін жоғарылатады? <table><tr><td>Адам ағзасына нитраттың көптеп жүйелі түсуі аурулардың қайсысының пайда болу қаупін жоғарылатады.</td></tr><tr><td>Бронхит</td></tr><tr><td>ВИЧ инфекциясы</td></tr><tr><td>Рак ауруы</td></tr></table> Жауабы: Бронхит <u>3-сұрақ</u> Тышқандардың ағзасындағы нитрит	Адам ағзасына нитраттың көптеп жүйелі түсуі аурулардың қайсысының пайда болу қаупін жоғарылатады.	Бронхит	ВИЧ инфекциясы	Рак ауруы
Адам ағзасына нитраттың көптеп жүйелі түсуі аурулардың қайсысының пайда болу қаупін жоғарылатады.					
Бронхит					
ВИЧ инфекциясы					
Рак ауруы					

	мөлшерін анықтау үшін тәжірибе жасалды. Барлық тышқанды үнемі басқа көкөністермен бірге сәбіз және қырыққабатпен қоректендірді. Тышқандардың бір тобы үй жағдайында өсірілген көкөністермен қоректендірілсе, екінші тобы дүкеннен алынған көкөністермен, үшінші тобы жылыжайда өсірілген көкөністермен қоректендірілді. Төртінші тобына дүкеннен алынған көкөністерді жақсылап жуып, сәбіздің түбірін, қырыққабаттың өзегін тазалап барып қоректендірді. Тәжірибе қорытындысында қай топтағы тышқандардың ағзасында нитрит өте аз (шектен аспаған) немесе жоқ болып шықты? А. Бірінші және төртінші топта В. Үшінші топта С. Үшінші және екінші топта Д. Бірінші және үшінші топта Жауабы: А <u>4-сұрақ</u> Қазіргі кезде экологиялық жағдай үлкен проблемаға айналып отырған заманда, күнделікті тамаққа пайдаланатын ауыл шаруашылық өнімдерінің сапалық құрамы қандай деген сұрақ туып отыр. Жылдар бойы жүйелілікпен, яғни тамақпен бала кезден бастап адам ағзасына енген нитрат түрлі ауруларға душар етеді. Балалар рационынан қандай жемістерді шектеу керек. Төмендегі берілгендердің ішінен балалар рационынан шектеу керек? Ерте жиналған жылыжайлық жемістерді Күзде дүкеннен сатып алынатын жемістерді	
--	--	--

Үй жағдайында өсірілетін өсімдіктерді Жауабы: Ерте жиналған жылыжайлық жемістерді Қалыптастырушы бағалау жұмысы Тапсырма. Суреттерде берілген жануарлар мен аңдар, құстар туралы зерттеу кестесін толтырыңыздар. Берілген тірек сөздерді пайдаланыңыздар: <i>үй жануарлары, түз тағысы, жыртқыш, төл атаулары - абылай, алан, бөлтірік, марғау, көгілдір, баршын, құралай, еңлік.</i> Бағалау критерийі: Сөйлемдер құруда зат есімдерді түрлендіре қолданады. Зерттеу кестесі			
1-топ			
Жануарлар мен құстар	Қай жерді мекен етеді?	Қалай қоректенеді	Төлдері аталады
Аю			
мысық			
2-топ			
Жануарлар мен құстар	Қай жерді мекен етеді?	Қалай қоректенеді	Төлдері аталады
Аққу			
жолбарыс			
3-топ			
Жануарлар	Қай жерді	Қалай	Төлдері

	мен құстар	мекен етеді?	қоректенеді	a
	қасқыр			
	қыран			
	Табиғатты сақтау дегенді қалай түсінесіңдер? Өсімдіктер мен жануарларды қамқорлыққа алу дегенді қалай түсінесіңдер? Сабақты бекіту: - Өсімдіктер мен жануарлар арасындағы байланысқа мысал келтір. - Адам өмірінде өсімдіктердің маңызы қандай? - Өз жерінде өсімдік шаруашылығы бар ма? - Одан қандай өнім түрлерін аламыз? - Өзің тұратын жерде мал терісін илейтін кәсіпорын бар ма?			
Сабақтың соңы 5 минут	Рефлекторлық экран <i>Менде бәрі сәтті шықты ...</i> <i>Мен үйрендім ...</i> <i>Сабақта мен орындай алдым ...</i> <i>Бәрінен маған ұнағаны ...</i> <i>Бәрінен маған қиын болғаны ...</i>			
Қосымша ақпарат				
Дифференциация – Сіз оқушыларға көбірек қолдау көрсету үшін не істейсіз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай тапсырма беруді көздеп отырсыз? Жұмыстың барлық түрінде оқушылардың	Бағалау – Оқушылардың ақпаратты қаншалықты меңгергенін қалай тексересіз? Формативтік бағалау, жұптық бағалау		Пәнаралық байланыс:табиғаттану, дүниетану, экология Қауіпсіздік ережелері: АКТ-мен байланыс:интерактивтік тақтадан	

қабілеті мен тілдік деңгейлері ескерілді.		таныстырыл ым, бейнематериал, кесте Құндылықтармен байланыс: қоршаған ортаны қорғау, қамқорлық көрсету.
Ойлану Сабақ мақсаттары/оқу мақсаттары жүзеге асырымды болды ма? Бүгін оқушылар нені үйренді? Сыныптағы оқу атмосферасы қандай болды? Дифференциацияны жүзеге асыру қолымнан келді ме? Мен жоспарланған уақытымды ұстандым ба? Мен жоспарыма қандай өзгерістер енгіздім және неліктен?	Төменде берілген бөлімді осы сабақ туралы ойларыңызды жазу үшін пайдаланыңыз. Сол жақ бағанда берілген сабағыңызға қатысты ең маңызды сұрақтарға жауап беріңіз	

МАЗМҰНЫ

- КУРАЛОВА НҰРЖАМАЛ ЖОЛДАСОВНА
- БУРБЕКОВА ГУЛЬВИРА БАРХЫБАЕВНА
- ЖЕТЕМЕКОВА НУРЖАНАТ КАЙРКЕНОВНА
- КАРАМУРЗИНА РОЗА КАБИДЕШОВНА
- УСМАНОВА МУНИРА КУРВАНТАЕВНА
- ДАНЕКЕРОВА АЗИЗА ОРАЛБАЕВНА
- ЕРГЕШОВА ДИЛДОРА МАХМУДЖАНОВНА
- ЕЛЕУОВА ШОЛПАН КАРИМОВНА
- КОПЖАНОВА КУНДЫЗАЙ НАЖИМАТДИНОВНА
- ОРДАБЕК АЙЫМ ОРДАБЕКҚЫЗЫ
- ТАБЫЛҒАН САҒАДАТ ҚАЙРАТҰЛЫ
- СЕРМАНИЗОВА АЙЖАН КАЙМАХАНОВНА
- АЛИМБАЕВ ФАХРИДДИН АХМАТКУЛОВИЧ
- БОЛАТБАЕВА ЖУЛДЫЗ ЧОКАНОВНА
- УМАРОВА ЮЛДУЗХАН ИСЛАМБЕКОВНА